

УРБАНДАЛУ – ҚАЛА ӨРКЕНИЕТІ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақмешіт Ақшамы Газеті

КӨМІРМЕН КҮЙДІРМЕЙТІН КІРПІШ ЗАУЫТЫ

Қызылорда қала-сының Қазақ елінің астанасы болғанының 100 жылдық мерейтойы аясында «Қызылорда Саз-М» серіктестігінің заманауи кірпіш зауытының ашылу рәсімі өтті. Рәсімге Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбенов, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев және зиялы қауым өкілдері, өңір кәсіпкерлері арнайы қатысты.

Өткен жылдың қараша айында құрылысы басталған «Қызылорда Саз-М» кірпіш зауыты қысқа мерзімде іске қосылып, алғашқы өнімін шығарды. Жобаға 5 млрд. теңге инвестиция тартылып, 7 гектар жер телімі бөлінді.

Зауыттың басты ерекшелігі – өндіріс процесі толық автоматтандырылған. Экологиялық жағынан да тиімді, яғни басқа кірпіш зауыттарындағыдай көмірмен күйдірмейді. Жаңа технологиялар өндірістің тиімділігін арттырып, өнім сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Жылына 90 миллион кірпіш өндіруге есептелген кәсіпорын толық іске қосылғанда 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды.

Аймақ басшысы жиналған қауымды заманауи кірпіш зауытының ашылуымен құттықтап, өңірдің өнеркәсіп саласындағы жұмыстарға тоқталды.



– «Біз аймағымыздың экономикасын әртараптандыру арқылы жоғары өнімді, экспортқа бағдарланған шикізаттық емес өңдеу өнеркәсібін құруға бағытталған жұмыстарды кезек-кезеңімен атқарудамыз. Бұл бағытта алдағы бесжылдықта құны 2 трлн. теңгені құрайтын 89 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 11 мыңнан астам тұрақты жұмыс орнын ашу көзделуде. Биыл 27 жобаның іске қосылуы жоспарланған. Оның ішінде түрік инвесторы «Акса Энерджи» компаниясының жаңа жылу-электр орталығы, қазір ашылатын заманауи кірпіш зауыты, қиыршық тас, айна өндірістері бар. Өндірісті дамыту, жаңа жұмыс орындарын құру мақсатында құны 553 млрд. 600 млн. теңгені құрайтын 14 жобаның құрылысы басталуда.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Жергілікті өнім өндірушілердің құрылыс материалдарының әлеуетін барынша пайдалану маңызды. Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қолдайды», – деген болатын.

Өткен жылдың қараша айында іргесі қаланған кірпіш зауытының құрылыс жұмыстары қысқа мерзімде аяқталып, бүгін алғашқы өнімін шығаруда. Баршаңызды облысымыз үшін индустриялық, әлеуметтік, экологиялық тұрғыда тиімді жоба – заманауи кірпіш зауытының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Еліміздегі ең ірі кірпіш зауыттарының бірі облысымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, құрылыс нысандарының сапасын арттыруға зор үлес қосады деп сенеміз», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Қызылордадағы «Өнер орталығында» «Қазақстан Ұлттық Урбан Форумы 2025 – Қызылорда» халықаралық форумының ашылу рәсімі өтті.

Халықаралық форумға Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, Сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары Ақан Рахметұллин, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі өкілдері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагча, Біріккен Ұлттар Ұйымының UN-Habitat Ұйымы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы өкілдері, еліміздің барлық өңірінен келген облыс әкімінің орынбасарлары, басқарма басшылары қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев форумға қатысушыларға сәттілік тілеп, аймақта атқарылған ауқымды жұмыстарды атап өтті.

- «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақстан орнықты урбанизация үрдісімен келе жатыр. Тұрғын саны миллионнан асатын қалалар еліміздің жаһандық бәсекелестік қабілетінің тірегі, ал облыс орталықтары өз өңірлері өсімінің өзегі болуға тиіс», – деген болатын.

Бүгінгі урбанизация дәуірінде қалаларды тұрақты дамытуда экологиялық тепе-теңдікті сақтау, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру – басты міндеттердің бірі. Қызылорда – дәстүрлі аграрлы аймақ! Қызылорда – мегаполис болмағанымен, қарқынды урбанизация жолына түскен, өз деңгейінде қалалық инфрақұрылым мен өмір сүру сапасын арттыру, экономиканы әртараптандыру бағытында нақты кадам жасаған қала. Қала халқының үлесі өсіп, өңір тұрғындарының шамамен 50%-ға жуығы облыс орталығында тұрады.

Қызылорда облысы Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауымен тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін, нақты стратегияларға, аймағымыздың заманауи келбетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Қазіргі таңда облыс бюджеті 750 млрд. теңгеден асты. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталуда.

Мемлекет басшысының қолдауымен Қызылорда қаласында 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 МВт жаңа жылу-электр орталығы салынуда. Инвестор «Акса Энерджи» түрік компаниясы 135 млрд. теңгеден астам инвестиция құйып, құрылыстың 80%-ы аяқталды. Орталық қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, Қатармен үкіметаралық келісім негізінде оңтүстік өңірлерде электр энергиясының тапшылығын болдырмау мақсатында қуаттылығы 1100 МВт, құны 892 млрд. теңге болатын бу-газ қондырғысы салынады. Бұл мегажоба 2028 жылы толығымен іске қосылады.

Бүгінгі форум – қалаларды тұрғындарға қолайлы, климатқа төзімді, инклюзивті орталықтарға айналдыру жолындағы бірлескен бастамаларымызды нығайтатын алаң. Біз үшін форум – тек талқылау емес, нақты әріптестікке бастайтын жол. Осы жұмыстарды одан әрі жетілдіруге серпін беріп, қалалардың болашағын қалыптастыру жолындағы ортақ мақсаттарға жетуде маңызды қадамдар жасауға ықпал етеді деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Форумның аясында алғашқы тақырыптық сессия ұйымдастырылды. «Жаңа қалалық күн тәртібі және Қазақстанның урбанистік көзқарасын қалыптастыру» тақырыбындағы пленарлық отырыс жоғары деңгейде өтіп, Қазақстандағы және шетелдегі урбанистика саласының үздік мамандары бір алаңда бас қосты.

Сессия модераторы - UN-Habitat ұйымының аймақаралық кеңесшісі Катя Шефер. Ол өз сөзінде жаһандық урбанистік трендтер мен Қазақстандағы тұрақты қала дамуы арасындағы үйлесімділікті атап өтіп, форумның ел келешегі үшін маңызына тоқталды.

Алғашқы баяндаманы UN-Habitat атқарушы директорының міндетін атқарушы әрі жаһандық шешімдер бөлімінің директоры Рафаэль Туте жасады. Ол қала кеңістігін басқарудағы заманауи тәсілдер, инклюзивтілік пен климаттық бейімделу, сондай-ақ табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдікті сақтау туралы жан-жақты пікір білдірді.

Сессия барысында түрлі елдерден және салалық ұйымдардан келген сарапшылар мен мамандар урбанизацияның негізгі бағыттары, әлеуметтік әділеттілік, инфрақұрылымдық даму және мәдениетке негізделген қалалық жоспарлау мәселелерін талқылады.

Спикерлер арасында сөз алған Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев өңірдегі урбанистік даму стратегиясын таныстырып, қала инфрақұрылымын жаңғырту, тұрғындар үшін қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы нақты бастамалармен бөлісті. Сонымен қатар жергілікті билік форумда ұсынылған идеяларды өңірде жүзеге асыруға толық дайын екендігін жеткізді.

Қазіргі урбанистика ұғымы бұрынғыдай тек құрылыс немесе көлік инфрақұрылымы шеңберінде қарастырылмайды. Бұл сала бүгінде өмір сүру сапасын арттыру, табиғи орта мен адам арасындағы байланысты сақтай отырып, орнықты әрі инклюзивті қалалық кеңістіктер қалыптастыруды көздейді. Қазақстанда мұндай үрдістер тек ірі мегаполистермен шектелмей, өңірлік деңгейде де белсенді дамып келеді.

Осы бағыттағы талқылаудың маңызды кезеңі форум аясында «Қазақстанның қалалық күн тәртібін өңірлерде іске асыру» атты екінші тақырыптық сессия болды. Бұл алаңда мемлекеттік органдардың өкілдері, халықаралық ұйым мамандары, урбанистика саласындағы сарапшылар мен инженерлер бас қосып, өңірлердегі урбан дамудың өзекті мәселелерін талқылады.

Сессияда қалалық саясатты деректерге сүйене отырып жүргізу, инфрақұрылымдық жобаларды жергілікті ерекшеліктерге сай жоспарлау, тұрғындармен тиімді кері байланыс орнату мәселелері көтерілді. Сонымен қатар, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдалану арқылы өңірлік урбан дамуды жеделдетудің жолдары сөз болды.

Сарапшылар урбан жобалауда адамға ыңғайлы, инклюзивті және мәдени ерекшеліктерді сақтаған орта қалыптастырудың маңыздылығын атап өтті. Инженерлік желілер мен жер телімдеріне қатысты цифрлық кадастрлық жүйелерді енгізу - шешім қабылдаудың негізгі ретінде қарастырылды.

Климаттың өзгеруі бүгінде жаһандық күн тәртібіндегі ең өткір мәселелердің бірі ретінде танылып отыр. Әсіресе құрғақ климаттық белдеуде орналасқан Қазақстанның оңтүстік және батыс өңірлерінде бұл өзгерістердің әсері күннен-күнге күшейіп келеді. Шөлейттену, температураның тұрақты өсуі, жауын-шашын мөлшерінің азаюы және экожүйелік тепе-теңдіктің бұзылуы - бұл аймақтардың тұрақты дамуына тікелей қауіп төндіреді.

Осыған орай форум аясында үшінші тақырыптық сессия - климаттық өзгерістер жағдайындағы өңірлік урбанизацияның жаңа бағыттарын қарастыруға арналған маңызды пікір аланына айналды. «Қазақстанның құрғақ аймақтарындағы климат және қалалық тұрақтылық» тақырыбындағы жиынға халықаралық ұйым өкілдері, салалық сарапшылар, экология мен сәулет, инфрақұрылым саласындағы мамандар қатысты.

Спикерлер өңірде соңғы жылдары температураның айтарлықтай көтерілуін атап өтіп, климаттық болжамдарға сүйене отырып әрекет ететін жүйелерді қалыптастырудың маңызын жеткізді. Су ресурстарын әділ әрі тиімді басқару - құрғақ аймақтардағы басты міндеттердің бірі екенін айтып, агросектор мен қалалар арасындағы су үлесін қайта қарау қажеттігін тілге тиек етті. Арал маңы жағдайын мысалға ала отырып, экожүйеге бейімделген жер пайдалану мен егіншілік тәсілдерінің өзектілігін көрсетті. Урбан даму да осындай экологиялық шындықпен үндесе отырып жүруі тиіс екенін жеткізді. Климаттық жағдайларға бейімделген сәулеттік шешімдер - келесек қалаларының іргетасы болуы керек екенін айтып, көлеңкелі аймақтар, желдету жүйелері сынды пассив шешімдерді қайта қарастыруды ұсынды. Көміртегі бірліктері арқылы қаржыландырылатын жасыл жобалар мен табиғи шешімдер қалалар үшін үлкен мүмкіндік екенін айтты. Инновациялық экологиялық жобаларды урбан кеңістіктерге енгізу - қазіргі заман талабы.

«Қазақстан Ұлттық Урбан Форумы 2025 - Қызылорда» форумының қорытынды пленарлық сессиясына Біріккен Ұлттар Ұйымының UN-Habitat Ұйымы, БҰҰ-ның Қазақстандағы өкілдері, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев қатысты.

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлы форумның маңыздылығына тоқталып, барша қатысушыларға алғысын білдірді.

- «Кез келген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы қалалардың өркендеуімен тікелей байланысты. Ал, оған әсер ететін бірден-бір фактор – урбандалу процесі. Тұрғындарымыздың әл-ауқатын арттыру, жайлы кеңістік қалыптастыру, экологиялық таза орта құру, инфрақұрылымдық тұрақты жаңғырту, қалаларды жаңа технологиялардың көмегімен басқару – біздің алдымыздағы маңызды міндеттер. Бұл ретте тиімді басқару мен дұрыс жобалаудың нәтижесінде ғана тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізе аламыз.

Бүгінгі форум – өңірлердің тұрақты дамуына оң серпін берудегі, урбанистика саласын жаңа деңгейге шығарудағы, ортақ мақсаттарға қол жеткізуге маңызды қадам. Форумда айтылған тың идеялар мен мазмұнды ұсыныс-пікірлер алдағы жұмыс барысында тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретініне сенімдіміз.

Бүгінгі форумның бас демеушісі «Казнептрол Групп» компаниясына зор алғысымызды білдіреміз.

Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешегі жолындағы әрбір бастамаларыңыз жемісті, қызметтеріңіз нәтижелі болсын! Егемен елімізді бәсекеге қабілетті етуде, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруда Президентіміздің тапсырмаларын жоғары деңгейде орындап, халықтың зор құрметіне бөлене бергейсіздер! Ел іргесі берік, Тәуелсіздігіміз тұғыры болмай!», - деді Н.Нәлібаев.

Қорытынды сессияда Экология және табиғи ресурстар министрі, Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының тұрақты үйлестірушісі өз пікірлерін ортаға салды. UN-Habitat ұйымының атқарушы директорының орынбасары Рафаэль Туте қорытынды сөз сөйледі.

Сонында Қызылорда облысы мен UN-Habitat ұйымы арасында декларацияға қол қою рәсімі өтті.

ЭКОЛОГИЯНЫ ЖАҚСАРТАТЫН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ



Қызылорда қаласында “With You Kyzylorda” ЖШС қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауытының қалпына келтірілуі салу рәсімі өтті. Оған Мәжіліс депутаттары Қарақат Абден, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, Мұрат Ерғешбаев, Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы зауыт құрылысына сәттілік тілеп, өңірде экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған бастамаларды атап өтті.

- «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін зауыттар салу тапсырмасына сәйкес облысымызда 96 млрд. 100 млн. теңгеге 10 жоба жүзеге асырылуда. Қалдықтарды басқару саласына шетелдік инвестициялар мен озық технологиялар тартуда

Қызылорда қаласында халықаралық компаниялардың қатысуымен 2 ірі жоба бойынша жұмыс басталды.

Соның бірі - шыны зауыты жанынан неміс технологиясымен 60 млрд. теңгеге жылына 240 млн. шыны ыдыс шығаратын зауыт жобасы.

Бұл республикадан жиналған шыны қалдықтарынан жоғары сапалы отандық өнім шығарып, импорты алмастыруға мүмкіндік береді. Бүгін құны 34 млрд. 500 млн. теңге болатын, Оңтүстік Корея технологиясына негізделген қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау, өңдеу және кәдеге жарату зауытының іргетасы қалануда.

Алғашқы кезеңде 9 млрд. 535 млн. теңгеге қолданыстағы полигон жаңғыртылып, қуаттылығы жылына 300 мың тоннаға есептелген заманауи қалдықтарды сұрыптау кешені салынады. Кешен заманауи қондырғылар, арнайы техникалармен жабдықталып, полигонның

қабылдау қуаттылығы 60 мың тоннадан 300 мың тоннаға дейін артады.

Қоршаған ортаны қорғау – бұл тек билік пен ұйымдардың ғана емес, керісінше әрбір азаматтың жауапкершілігінен басталатын іс.

Өркениетті қоғамда өз қоқыстарын сұрыптау, саналы тұтыну, тазалық акцияларына қатысу тұрғындардың күнделікті әдетіне айналуы тиіс. Экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған байыпты бастамаларымыз нәтижелі болғай!», - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы

аясында өңірде экологиялық ахуалды жақсарту мақсатында кешенді жұмыс жүргізілуде. Бюджеттен бөлек кәсіпкерлердің демеушілігімен орталық алаңдар, демалыс және спорт алаңдары жаңғыртылып, әлеуметтік нысандар заманауи үлгіде жөндеуде. Демеушілік есебінен 1 млрд. теңгеге Қызылорда қаласындағы орталық алаң жаңартылды. Биыл 6,3 млрд. теңгеге қалалық мәдени-демалыс паркі қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Оған қоса 14,7 млрд. теңгеге Президент саябағы жаңғыртылып, тамыз айында ашылды. Қала аумағында 992 гектар жерде жасыл белдеу құру басталды. 2030 жылға дейін 2,5 млн. ағаш отырғызып, тұқымбақтар мен зертхана салу жоспарлануда.

Рәсімде Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нұралыұлы, Парламент Мәжілісінің депутаттары Қарақат Жақсылыққызы, Мұрат Нәлқожаұлы құттықтау сөз сөйледі.

ЖОЛАЙРЫҚ – ЖОЛ САПАСЫ

Қала аумағына кіретін сыртқы жолдардың сапасын жақсарту тұрғындардың өмірінің қауіпсіздігін сақтап қана қоймай, уақытын үнемдейді, көліктің көп бұзылуына әкелетін жағдайларды азайтады. Көлік жол оқиғаларының алдын алады.

“Қызылорда – Құмкөл” автожолы да қызылордалықтар қажетіне жарап тұрған жолдардың бірегейі. Бүгінде “Қыран” мекемесі осы көлік жолының жолайрығында жөндеу жұмыстарын жасауда.

Жалпы жөндеуден өтетін жолдың жалпы ұзындығы 5 шақырымды құрайды. Бұл да аймағымызда жол сапасын жақсарту бағытында бірегей жобалардың бірі.



СУДАН САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

Жыл сайын жаз ыстық болып тұр дейтініміздей биылғы жаз расында да 45°-тан асып көтеріліп, қайта түсіп тұр. Қатарынан бірнеше күнге созылған ыстық ауа райында тіршілік етіп жатқан қызылордалықтардың шыдамы мықты екен дерсін...

Ыстық мерзімде көбіне жұрт дене серіптер су айдындарында суға түсіп, жан сақтайды. Алайда қалаға қарасты аумақтағы дария бөлігі, өзен, көлдер қауіпті емес деп айта алмаймыз. Суға түсуге болатын тұс бар, болмайтын жер бар.

Бүгінде Қызылорда қаласы әкімдігі жанынан құрылған мобильді топ тұрақты түрде рейд жасап, су айдын

дарындағы қауіпсіздікті қатаң бақылауға алып келеді.

Шомылу маусымында тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін судағы қауіпсіздік ережелері кеңінен түсіндірілуде.

Су айдындарындағы қайғылы оқиғалардың негізгі себептері – тыйым салынған жерлерде шомылу, мас күйде суға түсу, сондай-ақ балаларды қараусыз қалдыру. Осыған байланысты, қала тұрғындары мен қонақтарын мұқият болуға, тек белгіленген орындарда шомылуға және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауға шақырған мобильды топтың жұмысы арқасында суға кету жағдайлары азайып жатқаны анық.

ӘДЕПТІЛІК – ӘРБІР ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

«Әдептілік – әрбір жеке тұлғаның рухани байлығы, қазынасы» - философиялық, ғалым Әбу Насыр әл-Фарабидің ұлағатты сөзінің мәні айқын. «Әдеп» сөзі қоғамдағы адамдардың мінез – құлқына қойылатын этикалық талаптар деп қарастырылады, себебі, адамның сөйлеу мәнері, іс – қимылы, жүріс – тұрысы, өзін ұстай білуі оның мәдениетті, әдепті екендігін көрсетеді.

Кез келген мемлекеттің жетістігі мен гүлденуі мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметін тиімді және үлкен жауапкершілікпен адал атқаруына негізделеді. Мемлекеттік қызметшінің сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы – әдептіліктің белгісі! Олардың моральдық-этикалық бейнесі мен кәсіби сапасына Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі жоғары талап қояды. Мемлекеттік қызметшілердің сырт келбеті олардың қызметтік міндеттерін орындау кезінде мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, іскерлікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпы қабылданған іскерлік

талаптарына сай болуға тиіс. Қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстанып, қоғамға жат мінез–құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір–қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масаң күйде болу жағдайларына жол бермеуге тиіс. Сонымен қатар, қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайына пайдаланбауға, қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға жол бермеуі тиіс.

«Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, қорғаны –сабыр, жолдасы – кәсіп, қорғайтын қорғаушысы – мінез, бәрін тәртіпке реттейтін – әдептілік»,- демекші осы рухани құндылықтың мәнісі қоғамда өзектілігін сақтайтындығына сенемін.

Д.КЕЛДИБАЕВА
Қызылорда облысы бойынша
Қазынашылық департаменті
басшы орынбасары

БІР - БІРІНЕН АЙНЫМАЙТЫН ОН ҮЙ



Қаланың сол жағалауында салынып жатқан құрылыстар арасында салынып жатқан тұрғын үй құрылыстарының орны ерекше. Қала экономикасы дамуы, өнеркәсібі өркендеп, саудасы қызуы үшін онда тұратын халық саны көп болуы

шарт. Қалада бір өнім өндіру үшін он үй тұтынатын халық көп болуы керек. Медицина, білім беру тағы да басқа салаларға инвестиция келуі үшін тұрғылықты тұрғындар болуы керек. Қала халқы көп болған жағдайда бизнес те

өркендейді.

Ал, ел қалаға тұрақтап қалудың қажеттілігі – тұрғын үй. Басында баспанасыз жөк жұрт “Қайда қонарын білмеген қаңбақ” секілді. Сол үшін де баспана мәселесін шешу – халықты тұрақтандырудың ең оңтайлы жолы. Президент те халықты баспанамен қамтамасыз етуді үкіметке, жергілікті билікке тапсырды. Соңғы кездері Қызылорда қаласында тұрғын үй құрылысы қатты қарқын алды.

Соның бірі сол жақ жағалауда салынып жатқан 5 қабатты бір-бірінен айнымайтын он үй.

Заманауи сәулет үлгісіндегі үйлердің барлығы 40 пәтерлі және домофон, бейнебақылау жүйесімен жабдықталған. Тұтынушыға ұсынылатын пәтерлердің жалпы аумағы 1457,6 шаршы метрді құрайды.

Бұл үйлер жыл соңына дейін пайдалануға беріледі деп жоспарланған.

ШЕТ АЙМАҚ ШЕТ ҚАЛМАЙДЫ

Аймақ басшысының қолдауымен тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Оның ішінде қаланың шет аймақтарындағы жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға барынша маңыз берілуде. Қазіргі таңда шет аймақтың 11 көшесіне күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Сонымен қатар, кенттер мен ауылдық округтерде де жолдар жаңалануда. Ауқымды жобаның бірі Қызылөзек ауылдық округінде жүзеге асуда. Яғни, мұнда халық көптен күткен Қожақ көпірі толықтай күрделі жөндеуден өтуде.



ҚАЛА КӨРКІ – ТҰРҒЫНДАР ТАЛАБЫ

Өркім де әдемі қалада тұрғысы келеді. Бірақ, әдемі қалада тұру үшін сол тұрғындардың өздері де тазалық сақтауды, айналаны ластамауды, айналаны көгертіп көгалдандыруда үлес қосуға тиіс.

Өкініштісі кей тұрғындар тазалыққа бей-жай қарайды. Үйден шыққан тамақ қалдығын, қоқысты кез-келген жерге тастай салады. Артық жарамсыз құрылыс материалдарын көше бойына қоя салады. Жаяу жүргіншіге де, көлік айдағанға да кедергі келтіретінін ойламайды.



Осы ретте қала аумағында санитарлық тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатындағы рейдтік шаралар өтуде.

Арнайы құрылған жұмысшы топ тұрмыстық қалдықтарды белгіленбеген орындарға тастап, құрылыс материалдарды меншік аумағынан тысқары қойған, абаттандыру қағидаларын және санитарлық талаптарды өрескел бұзған тұрғындар мен кәсіпкерлік субъектілеріне қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік шаралар қабылдауда.

Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, қала аумағындағы ғимараттардың сыртқы келбетін ретке келтіру, абаттандыру, жерді мақсатсыз пайдалану және заңсыз құрылыс жұмыстарын болдырмау мақсатында арнайы жұмысшы топ бақылау шараларын жүргізуде.

Кезекті тексеруде Сырдария шағын ауданы мен Е. Демесінов, Тәуке хан, Байқоныр көшелерінде 7 жер телімінде құрылыс қалдықтары арқылы жерді заңсыз көтеру деректері анықталып, меншік иелеріне тиісті әкімшілік шаралар қабылданды. Рейдтік жұмыстар жалғасуда.

Тағы бір жағымды жаңалық көпқабатты тұрғын үй аулаларындағы қоқыс алаңдары жаңалана бастады. Қазір осындай алаңның 75-і климаттық ерекшеліктерге сәйкестендіріліп, қоршауымен орнатылуда.

ОБЛЫСТЫҚ СОТТА СЕМИНАР ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық құқық және процесс» секциясы бойынша семинар сабағы өткізілді.

Семинарға Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының судьялары, қалалық соттардың судьялары және аудандық соттардың судьялары бейнебайланыс арқылы қатысты.

Семинарды облыстық соттың судьясы М.Еркінбеков ашып, қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып, көтеріліп отырған мәселелердің маңыздылығына тоқталды.

Қызылорда қалалық сотының судьясы А.Абдразақов талап қоюды қайтарудың негіздері бойынша баяндама жасап, Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіне сай, талап қоюшы істердің заңда белгіленген немесе тараптардың шартында көзделген дауды

сотқа дейін немесе соттан тыс реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса, іс осы соттың сотталығына жатпаса, осы немесе басқа соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол тараптардың арасындағы, сол нысана туралы және сол негіздер жөніндегі дау бойынша іс болса, талап қоюшы өзі берген талап қоюды қайтару туралы мәлімдесе, сот талап қоюды қайтаратынын атап өтті.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Умарсерикова «Азаматтық іс жүргізу заңнамасы бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану мәселелері» тақырыбында баяндама жасап, судья тараптарға татуласу рәсіміне қатысу үшін шақыру жіберсе отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайтынын тілге тиек етіп, дауды процесстің барлық

сатысында реттеуге жәрдемдесетінін, тараптарға дауды бітімгершілік келісім, медиация, партиципативтік рәсім шеңберінде шешу құқығын түсіндіретінін, сотқа талап қоюдың келіп түскені, татуласудың артықшылықтары туралы, сондай-ақ дәлелдемелерді өзара ашу және ұсыну құқығы туралы хабарлар ететініне тоқталды.

Сондай-ақ, тараптар татуласу келісімін, дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партиципативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алатынын жеткізді.

Семинар қатысушылары көтерілген тақырыптар бойынша өзара пікір алмасты. **Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

30 ТӘУЛІККЕ ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Қазалы аудандық сотында Қазақстан Республикасының ӘҚБтҚ-нің 608-бабының 7-бөлігімен азамат А.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды.

Іс құжаттарына сай, азамат А. сағат 15:00 шамасында өз басқаруындағы мотокөлік құралын көлік құралын басқару құқығы жоқ адам бола тұра алкогольдік масаң күйде тізгіндеп, дәл осы әрекетін бір жыл ішінде қайталап жасаған.

Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті, өзінің кінәсін мойындаған жауабымен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен толық дәлелденген. Медициналық куәландырудың қорытындысына сәйкес, жүргізуші жеңіл дәрежелі алкогольді еліту күйінде болған.

Қазалы аудандық сотының қаулысымен А. жасаған құқық бұзушылығы үшін кінәлі деп танылып, оған 30 тәулікке әкімшілік қамаққа алу жазасы тағайындалған.

Қазалы аудандық соты

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **«Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны»** жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

ТЕЛЕФОН ДОВЕРИЯ

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в **коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды»** работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

«Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының 2025 жылдың ІІІ-тоқсанға арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдау кестесі

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы:	Сенім телефоны
Омаров Асет Турмаханович	Дүйсенбі Бейсенбі	16:00-18:00 16:00-18:00	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үй	2-12-44

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор

Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары

Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)

Газет Қазақстан Республикасы
Байланыс және Ақпарат Агенттігінде
тіркеліп

№14611-Г «7» қараша

2014 жылы күнелі берілген.

Алғашқы есепке қою кезіндегі
нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж

Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік
орталығында теріліп, беттелді. Газет
Қызылорда қаласындағы

«PRINT» баспаханасында

басылды.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы,
А.Байтұрсынов көшесі, №49

Таралу аумағы:

Қазақстан Республикасы

Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың
позициясы мен фактілері үшін
редакция жауап бермейді.

Қолжазбалар өңделеді және
авторларға қайтарылмайды.

Газет материалдарын көшіріп басу
үшін міндетті түрде редакцияның
рұқсаты керек.

Сурет сапасына редакция жауап
бермейді

АБДЕН – “АУЫЛДЫҢ” ӨКІЛІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясының мүшесі Қарақат Абденмен кездесті.

Кездесуде өңірде жүзеге асырылған, соның ішінде ауылды дамыту бағытындағы жобалар мен бағдарламалар талқыланды.

“Президентіміз саяси реформаларды қалыптастыруда Парламент Мәжілісіне жоғары мәртебе берді.

Бұрын Мәжіліс заң жобасын дайындап, Сенатқа талқылап, бекіту үшін жолдайтын болса, қазір заң жобасын қолдау немесе кері қайтару құзыретіне ие. Бұл Мәжіліске

халық аманатының еселеп артқанын айғайтайды.

Өңірімізде мемлекеттік органдар саяси партиялармен тығыз жұмыс жасап, олардың бастамаларына әрдайым қолдау көрсетуде. Қазіргі таңда аймағымызда 7 саяси партияның филиалы қызмет етеді. Саяси партиялардың облыстық филиалдарында 81 мыңнан астам адам тіркелген.

Біз «Ауыл» партиясы филиалының бастамаларына тұрақты қолдау көрсетіп, бірлескен шараларды атқарып келеміз. Облыстағы барлық деңгейдегі 152 мәслихат депутатының 15-і - «Ауыл» партиясының өкілдері. Қоғамдағы өзекті мәселелерді

шешу мақсатында облыстық, қалалық, аудандық әкімдіктер жанындағы кеңестер мен комиссиялар құрамына 100-ден астам саяси партия жетекшілері мен мүшелері енгізілді”, - деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Бүгінде облыс халқының 53 пайызы, яғни 448 мыңнан астамы ауылда тұрады. Ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру мақсатында Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен ауылға» және «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» сияқты бірқатар маңызды бағдарламалар жүзеге асуда.

Соның ішінде ауыл тұрғындарының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған «Ауыл аманаты» бағдарламасының маңызы ерекше. 2023 жылы бағдарлама аясында 3 млрд. теңгеге 406 жоба іске асып, 713 жаңа жұмыс орны ашылды. Өткен жылы 2,5 млрд. теңгеге 376 жоба жүзеге асырылды. Биыл 5,5 млрд. теңгеге 815 жоба жоспарланған.

Қ.Абден Сыр еліне жұмыс сапары барысында облыстық перинаталдық орталық қызметкерлерімен кездесіп, “Сыр жұлдыздары” шығармашылық-инновациялық орталығының “Мағжан и К” ЖШС күріш зауытының, “Анаға тағзым” орталығының, тағы басқа мекемелердің жұмысымен танысады.

ҚЫЗЫЛОРДАҒА БҰҒ ӨКІЛІ САРАНГО РАДНАРАГЧА КЕЛДІ



Қызылорда облысы Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасымен тығыз ынтымақтастық орнатқан. Әсіресе, әлеуметтік жобалар аясында жастардың білімін арттыру, тәжірибе жинақтау мүмкіндіктерін кеңейту бағытында оқыту курстары, тренингтер мен шеберлік сабақтары тұрақты өткізіліп келеді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Біріккен Ұлттар Ұйымының

Қазақстандағы тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагчмен кездесті. Онда өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту және Арал теңізін сақтап қалу мәселелері талқыланды.

- «2023 жылдың желтоқсанында Дубайда өткен Климат жөніндегі дүниежүзілік саммитте Мемлекет басшысы Арал теңізі мәселесіне ерекше назар аударып, халықаралық қауымдастықты Аралды құтқару халықаралық қорын қолдауға шақырды. Құм көшкінінің алдын алудың тиімді жолы – жергілікті климатқа бейімделген өсімдіктерді, әсіресе сексеуіл егу. Бүгінде халықаралық қорлардың қолдауымен теңіз табанына сексеуіл егу жұмыстары қарқынды жүруде. Өңірдің тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында облыс әкімдігі БҰҰ Даму бағдарламасына

жылпы құны 25 миллион АҚШ долларын құрайтын жобалар тізімін ұсынды. Бұл жобалар экология, су және табиғи ресурстарды басқару салаларын қамтиды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Кездесуде Саранго Раднарагча Қызылорда облысымен тығыз әріптестік орнатуға және бірлескен жобаларды іске асыруға дайын екенін білдірді.

“ҚОРҚЫТ АТА” – ИНВЕСТЖОБАЛАР АЛАҢЫ

Өңірде Мемлекет басшысының тапсырмасы және Үкіметтің қолдауымен Қызылорда халықаралық әуежайы маңында орналасқан, жалпы аумағы 550 гектар «Қорқыт Ата» арнайы экономикалық аймағы құрылды. 25 жыл, яғни 2049 жылға дейін жұмыс істейді. Құрылымында үш ішкі сектор қарастырылған: авиацияға қызмет көрсету аймағы – 50 гектар, көтермелік сауда және қоймалау аймағы – 100 гектар, өнеркәсіптік аймақ – 400 гектар.

құрылғыларын өндіру, ауыл шаруашылығы техникаларын жинау және шығару, қалыңпенген силикатты тақтайшалар өндіру, жылыжай кешенін салу.

Бұл жобалардың үшеуі «Қорқыт Ата» АЭА аумағында жүзеге асырылады, ал бір жоба дайын өндірістік ғимаратты қажет етеді. Осыған байланысты облыс әкімдігі «Байқоңыр» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірлесіп, стандартқа сай шағын өнеркәсіптік аймақтар салуды

Аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының тапсырмасына сәйкес облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Парламент Мәжілісінің депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ерғешбаев, Мұрат Әбеновке өңірге инвестиция тарту механизмдерін таныстырды. Оған “Аманат” партиясы облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов және сала басшылары мен кәсіпкерлер қатысты.

- “Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын негізгі міндеттердің бірі – инвестициялық ахуалды жақсарту арқылы отандық және шетелдік инвестиция тарту. Бұған мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау бар. Өңірімізде инвесторларға қолайлы жағдай жасалған. Оған дәлел, соңғы 4 жылда инвестиция көрсеткіші жыл сайын өсімді көрсетуде.

Өңірге 2025 жылы 631 млрд. 400 млн. теңге инвестиция тарту жоспарланған. Өткен 5 айдың қорытындысымен 229 млрд. 800 млн. теңге тартылып, өсім 27,1 пайызды құрады. Жеке инвестиция үлесі - 70 пайыз. Экономиканы әртараптандыру мақсатында 2025-2028 жылдары аймақта құны 2 трлн. теңгеге жуық 89 инвестициялық жоба іске асырылып, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылады. Биыл 302 млрд. 500 млн. теңгеге 27 жобаның іске қосылуы жоспарланған”, - деді Ардақ Зебешев.

Құрылыс индустриясы, жеңіл өнеркәсіп, машина жасау, көлік-логистика, технологиялар және инновациялар салаларындағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру көзделген. Жалпы 22 экономикалық қызмет түрі айқындалған.

Қазіргі таңда облыс әкімдігі АЭА аумағын сапалы инвестициялық жобалармен толықтыру бағытында белсенді жұмыс жүргізуде. Маусым айында Астанада өткен «Орталық Азия – Қытай» форумы аясында облыс делегациясы мен Қытай компаниялары арасында жалпы құны 30,5 млрд. теңге болатын төрт меморандумға қол қойылды. Атап айтқанда, су есептеу

жоспарлаған. Бұл бастама инвесторлардың жедел орналасуына мүмкіндік береді. Жобаға «БНК Групп» компаниясы қызығушылық танытуда.

АЭА резиденттеріне барлық инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген жер телімдері ұсынылады. Мұнан бөлек аймақта орналасқан кәсіпорындар үшін салық және келендік жеңілдіктер қарастырылған. Атап айтқанда, корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, келендік баждар, жер және мүлік салығынан, жер пайдаланғаны үшін төлемакыдан босатылады. Сондай-ақ, шетелдік жұмыс күшін квотасыз және рұқсатсыз тартуға мүмкіндік беріледі.

МАЛ БАСЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің төрағалығымен мал шаруашылығының дамуы, ветеринариялық бақылау және саланы цифрландыру мәселелері талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Мемлекеттік қолдаудың арқасында өңірде мал басы өсіп, өнім көлемі артуда. Өткен жылы Қызылорда қаласында 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құруға 3,2 млрд. теңге бөлінді. Биыл 11 млрд. теңгеге екі сүт-тауарлы ферма салу жоспарланған. Өңірде мал азығы дақылдары 73 600 гектарға егілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 400 гектарға артық. Ерте көктемде қолдар жүйесін толтыру арқылы 76 200 гектар жайылымдық, шабындық жер суғарылды.

2025-2026 жылдарға 958 мың тонна табиғи шөп, 192 мың тонна жем және 157 мың тонна сабан дайындау жоспарлануда. Жоңышканың бірінші орымынан 111 300 тонна жиналды. Жаппай шөп дайындау жұмыстары шілде айының екінші жартысынан басталады.

Аса қауіпті 13 жұқпалы мал ауруының алдын алу үшін 6,3 млн. доза ветеринариялық препараттың 4,5 млн. дозасы жеткізілді. Облыс аумағындағы Сібір жарасы көмінділері бақылауда. Ветеринариялық нысандарға қатысты ұсыныстар енгізіліп, биыл 6 жаңа ветпункт салынады. Өткен жылы 7 ветпункт іске қосылды.

ӨНДІРІЛГЕН ӨНІМ КӨП КӨРМЕ



Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» «Қазақстанның үздік тауары – 2025» көрме байқауы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов, Мұрат Әбенов, құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, кәсіпкерлер қатысты.

Аймақ басшысы конкурсқа қатысушыларды құттықтап, өңірдің өңдеу өнеркәсібі саласындағы жұмыстарға тоқталды.

- «Соңғы жылдары Қызылорда облысында өңдеу өнеркәсібі 18,2%-ға артып, өңірлік өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесі 21%-дан асты. Жылына 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылуда. Бүгінде 65 мыңға жуық шағын және

орта кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасайды. Мұнда 121 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған.

Кәсіпкерлерге қайтарымсыз гранттардан бастап, жеңілдетілген несиелер мен мемлекеттік субсидиялар беру арқылы инвестициялық, қаржылық, инфрақұрылымдық қолдау көрсетілуде. Биыл жеке кәсіпкерлікті қолдаудың барлық көзінен 30 млрд. теңгеден астам қаржы қарастырылды.

Мемлекет басшымыз экономиканың нақты секторын кедергісіз несиелендіру мақсатында бизнес субъектілерінің қарыздарына кепілдік беру жүйесін енгізуді көздейтін заңнамалық актіге қол қойды. Бұл – кәсіпкерлерге үлкен қолдау! Енді бизнес өкілдерінің екінші деңгейдегі

оның 700 тоннасы көрші Ресейге экспортталды. Қалғаны еліміздің солтүстік өңірлеріне жөнелтілді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте тұрғындардың өз-өзін бақша дақылдарымен қамтамасыз етуі үшін жер бөлу, пісімшілік кезінде өнімдерін өткізуге жәрдемдесу мәселелері талқыланды.

Аймақ басшысы аудан әкімдеріне, жауапты басқармаларға бақша өнімдерін егуге жер бөлуді жыл сайын ұлғайту, суару жүйелерін жетілдіру және өнімді өткізу тізбегін ұйымдастыру жөнінде нақты тапсырмалар берді.

“Тұрғындардың суранысын ескеріп, қосымша жер телімдерін анықтау керек. Ауылдық округтерде бос жатқан жерлерді келесі егін маусымында тиімді пайдалану үшін түгендеу жұмыстарын жүргізіңіздер. Егістік жерлерге су жеткізу үшін каналдар мен арықтарды тазалау, жөндеу және қажет болған жағдайда жаңадан қазу қажет”, - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Аймақта азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес 2022 жылдан бері жергілікті тұрғындар әлеуметтік маңызы бар картоп, көкөніс, бақша өнімдерін ұжымдасып еге бастады.

банктерге кепіл ұсыну мүмкіндігі болмаса, оған арнайы кепілдік қорының қаржыландыруы арқылы қол жеткізе алады.

Баршаңызды алдағы уақытта да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына аянбай еңбек етуге, мемлекеттік бағдарламаларға белсенді қатысуға шақырамыз. Аймақтың конкурстың жеңімпаздары республикалық байқауда үздіктер қатарынан көрініп, Сыр өңірінің мерейін үстем етеді деп сенеміз», – деді Н.Нәлібаев.

Байқауға экономиканың түрлі саласынан 67 тауар өндіруші қатысты. Сарапшылардың бағалауы бойынша 9 жеңімпаз іріктеліп, марапат иелеріне ноутбук сыйға берілді.

«Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар» номинациясы бойынша тыңайтқыш өндірісі саласындағы «Агрохимсервис», цемент өндірісіндегі «Компания Гежуба Шиелі Цемент» және шыны өнімдерін шығаратын «Орда Гласс ЛТД» серіктестіктері жеңімпаз атанды.

«Үздік азық-түлік тауарлары» номинациясы бойынша «Асыл дән LTD», «Таң LTD» күріш өндіруші серіктестіктері, «Өль Баракат Дистр Ибь Юшн» жартылай фабрика өндіруші серіктестігі марапатқа ие болды.

«Халыққа арналған үздік тауарлар» номинациясын «Пана-бек», «Сыр жиһазы KZ», «Арт-групп Сервис» серіктестіктері жеңіп алды.

43,8 МЛРД. ТЕҢГЕ - 2598 ПӘТЕР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте халықты тұрғын үймен қамтамасыз етудегі мәселелер жан-жақты талқыланды. Оған облыс әкімінің орынбасарлары, қала және аудан әкімдері, басқарма басшылары қатысты.

Қызылорда облысында тұрғындарды тұрғын үймен қамту бағытындағы жұмыстар жүйелі жалғасуда. 2023 жылы жергілікті бюджет есебінен 4,1 млрд теңге бөлініп, аудан орталықтарынан 429 пәтер сатып алынып, халыққа табысталды. Өткен жылы 14,7 млрд. теңгеге 1 015 жаңа пәтер сатып алынып, үй кезегінде тұрған отбасыларға берілді.

Биыл бұл жұмыстар жалғасын тауып, тұрғын үй сатып алуға 43,8 млрд. теңге қаржы бөлінді. Оған 2 598 пәтер сатып алу жоспарланған. Атап айтқанда әлеуметтік кредиттік тұрғын үйлерге 10 млрд. 002,8 млн. теңге қарастырылып, бұл қаржыға Қызылорда қаласынан 610 пәтер сатып алынады.

Халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына арналған 1 988 пәтерді сатып алуға 33 млрд. 833,7 млн теңге бөлінді. Оған Қызылорда қаласынан 1 538 пәтер, Арал ауданынан

100 пәтер, Қазалы ауданынан 100 пәтер, Шиелі ауданынан 100 пәтер, Жаңақорған ауданынан 100 пәтер, Қармақшы ауданынан 50 пәтер, яғни аудан орталықтарының өзінен 450 пәтер алынады.

Жиында өңірдегі тұрғын үй құрылысының қарқыны, кезекте тұрған азаматтардың жағдайы, тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту мәселелері қаралды.

Аймақ басшысы қала, аудан әкімдеріне тұрғын үй құрылысын бастау үшін қажетті инженерлік инфрақұрылымды дайын жер телімдерін шұғыл түрде ұсынуды тапсырды. Сонымен қатар әр ауданда қанша үй салынатыны, құрылыс мерзімі мен қаржының тиімді игерілуі нақты көрсетілген жоспар әзірленуі қажет екенін ескертті.

- «Тұрғын үй салуға телімдерін қаржыға, құрылысты уақытылы бастау, жер бөлімдерін анықтау, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету қажет. Жоба-сметалық құжаттамаларды әзірлеп, тиісті мемлекеттік сараптамадан өткізіңіздер. Бөлінген қаржы тиімді әрі мақсатты игерілуі керек», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

ДЕПУТАТТЫҢ ҚАНИКУЛЫ- НЕМЕСЕ, ОЛАР ЕРІККЕННЕН ЕЛ АРАЛАП ЖҮРГЕН ЖОҚ...

Депутаттар ел аралап жүр. Нақтылағанда мәжіліс депутаттары. Ауа райының қолайсыз ыстық екеніне қарамастан өздері де дамыл көрмей, өзгелерге де тыныштық бермей, мына шеті Жаңақорғаннан бастап ана шеті Аралға дейін шаруашылықтарды көзбен көріп, елдегілермен жүзбе-жүз тілдесуде.

Олардың бізге қарағанда ауа райы салқын Астанадағы жайлы пәтерлерінде жамбастап жатпай, шіліңгір шілдеде Қызылордада ел жағалап жүргендері не жағдай?

Олардың арасында қарны салбырап, ұйқысы қанбай, жүрісі сылбыры көрінбейді. Салауатты өмір салтын ұстанатын олардың бәрінің де жүрісі ширақ.

Бүгінде Парламент – бәсекелестік ортасы. Баяғыдай елдегі қызметінен шаршаған шенділердің зейнет жасын күтіп, бейберекет уақыт өткізетін кезеңі келмекке кеткен.

Депутат болу үшін бүгінде тіл де керек, білім де керек, білік те керек. Өзінен өзгенің мықтылығын мойындай білмейтін министр дегендей Үкімет мүшелеріне сауал беріп, сұрақ қою үшін әр депутатқа да дегені керекті анық. Өзі сайланған өңірдің өзекті мәселесін білмеген депутат Парламентке де, өңірге де өгей...

◆ Қызылорда қаласының сол жағалауында аймақ тарихындағы ең ауқымды спорттық нысандардың бірі салынуда. Жалпы құны 20,9 миллиард теңгені құрайтын нысанның құрылыс жұмыстарымен өңірде жұмыс сапарымен болған Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мұрат Әбенев, Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Ерғешбаев танысты. Футболшылармен кездесіп, ұсыныс - пікірлерін тыңдады.

«UEFA» талаптарына сай салынып жатқан жаңа стадион жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылуда. Сыйымдылығы 11 мың орынға шақталған. Құрылыс қарқыны жоғары. Трибуналардың металл конструкциялары орнатылып, қабырғалар, ішкі бөлмелер мен сыртқы витраждар қаланған. Қазіргі таңда футбол алаңын жабдықтау, ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Стадионғимараты маңында 238 орындық автотұрақ алаңы, 40 орындық VIP автотұрақ, автобусқа арналған 4 автотұрақ орналаспақ. Жаңа стадион футболшылар үшін ғана емес, қала тұрғындары үшін де тиімді болмақ.

- «Стадионда тек кәсіби футболшыларға ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындары, жастар, балалардың да спортпен шұғылдануына мүмкіндіктер қарастырылуда. Мұнда бокс, күрес, спорттық гимнастика, ауыр атлетика, таэквондо және фитнес залдары бар. Осы залдарда біздің болашақ чемпиондарымыз жаттығып, шынығып, өз өнерлерін шыңдап, халықаралық ареналарда Қазақстанның атын паш ететінін болады»,- дейді облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев.

- «Президент Бұрабайда өткен «Ұлттық құрылтайда» футболға қатысты бірқатар тапсырмалар берді. Қызылорда облысы сол тапсырмалардың негізінде алғаш болып УЕФА классификациясы бойынша III санатты, сондай-ақ, халықаралық стандарттарға толық сәйкес келетін жаңа стадион құрылысын бастап, қыркүйек айында өтетін үлкен ойынға дайындық үстінде. Сондай-ақ, облыстық өкімшіліктің ұстанымымен облыстың «Қайсар» футбол командасы алғаш рет легионерлерсіз ойнап, өзіміздің қазақстандық спортшыларға қолдау көрсетуде. Көпшілік ойын болғандықтан футболды насихаттауымыз қажет. Сонда жастардың ойынға деген қызығушылығы артады»,- деді фракция мүшесі Мұрат Әбенев.

«Қайсар» футбол командасының қақпасшысы Нұрым Салайдин: «Легионерлерсіз ойнау қиын емес. Барлық ойындар отандық футболшылардың арқасында тұрақты түрде өтіп келеді. Ендігі біздің арманымыз осы жаңа стадионда өнер көрсетіп, легионерлерсіз ойының жемісін көрсету»,- дейді.

Кездесуде футбол командасының өкілдері халық қалаулыларына аяқдоп саласындағы бірқатар өзекті мәселелерді баяндады. Соның бірі – легионерсіз ойнау барысында жауапты азаматтар тарапынан туындаған жағдайлар. Футбол командасының басты мәселелерін фракция мүшелері Парламентте көтеретінін жеткізді.

◆ Депутат М.Жайымбетов елмен кездескен Қазалы ауданындағы Қожабақы елді мекенінің электр желілері қайта құрылуда.

Сметалық құны 442,8 млн. теңгені құрайтын жобаның бас мердігері — «Нұрай-Ақжол РГ» ЖШС. Жоба аясында ауыл ішіндегі ескі электр желілері толық жаңартылып, заманауи инфрақұрылыммен қамтылады. Аталған қайта құру жұмысына жауапты сала басшысының айтуынша, жоба толық іске қосылғаннан кейін Қожабақы ауылындағы 292 тұрғын үйде тұратын 1520 адам сапалы және тұрақты электр энергиясымен қамтамасыз етіледі.

Өңірдегі іске асып жатқан өміршең жобалардың басым дені республикалық бюджеттен қаржыландырылып жатқаны да анық. Ел аралап, ел әңгімесін тыңдап, арасында гір көтергендей қарбыз көтеріп жүрген депутаттар ел ішіндегі жобалардың жүзеге асу барысын саралап жүр. Қаншама ақшаға жөнделіп жатқан жол сапасы қандай? Диқанға берілген субсидия егін өнімін көтерді ме? Әлеуметтік нысандарды салынуға бөлінген қаржы дінтеген жеріне жетті ме? Мемлекет басшысы тапсырған шығармашылық орталықтары ел қызметіне жарады ма?

Бүгінгі күн қайсыбір бюджеттің болмасын, әр тиыны бақылауда, қадағалауда. Әрі оны қадағалап, бақылайтындар да аз емес. Солардың бірі депутаттар...

Елді естітін, тыңдайтын үкіметтің бір ерекшелігі ел қажетіне қызмет ету. Елдің айтқанын жоғары билікке жеткізетін мінбердің бірі – Парламент. Содан да депутаттар елмен әр кездесуде ел ұсынысын тыңдап жүр.

Есімі елге белгілі депутаттардың елге іс-сапарының жолжазбасын жариялағанды жөн көрдік.



◆ Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетовпен кездескен Бекарыстан би ауылының тұрғындары спорт кешенінің құрылысын аяқтауға қосымша қаржы бөлу, ауылшілік жолдарды жөндеу, көпірлерді қалпына келтіру, денсаулық сақтау нысандары, соның ішінде ауылға аурухана қажеттілігі туралы ұсыныстарын жеткізді.

◆ Сондай-ақ Мархабат Жайымбетов «Ауыл аманаты» жобасы аясында іске қосылған ауылдағы кілем жуу орталығының жұмысымен танысты.

Аталған жоба ауыл тұрғындарының табысын арттыру мен тұрмыстық қызмет түрлерін жергілікті жерде дамытуға бағытталған. Цех қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілген және бірнеше ауыл тұрғыны тұрақты жұмыспен қамтылған. Бүгінде тұрғындарға қолжетімді сервистік қызмет түрлерін ұсынуға мүмкіндік беріп отыр. Халық қалаулысы бұл жобаның әлеуметтік маңыздылығын ерекше атап өтті.

- «Ауылдық жерлерде осындай шағын, бірақ тиімді жобалардың болуы халықтың өмір сапасын жақсартуға жасалған нақты қадамдардың бірі. Мемлекет тарапынан ауыл тұрғындарына табыс екеңінін осы секілді бастамалар қолдау табуы тиіс», – деді депутат.

2025 жылы «Ауыл аманаты» жобасын іске асыруға Қазалы ауданына 835,1 млн теңге көлемінде қаражат бөлу жоспарлануда. Бұл қаржы 124 жобаны қаржыландыруға және 135 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік береді.

◆ «Қазалы – Көларық – Бекарыстан би – Жаңақұрылыс» бағытындағы аудандық маңыздағы автомобиль жолын күрделі жөндеу жобасының жалпы құны 835 699,3 мың теңге. Жобаға сәйкес жол жамылғысы толықтай жаңартылып, қалыңдығы 18 см болатын ұш қабатты асфальт-бетон жабындысы төселді. Атап айтқанда бірінші қабат қара шебені негізі, екінші қабат ірі түйіршікті асфальт, ал үшінші қабат майда түйіршікті асфальт болып табылады.

Бүгінгі күні 4 шақырымдық учаскеде алғашқы екі қабат қара шебені мен ірі түйіршікті асфальт-бетон төсеу жұмыстары толықтай аяқталған. Қалған 2,5 шақырымда құрылыс жұмыстары жоспар аясында жүргізілуде. Жобаны іске асыру мерзімі 7 ай.

Халық қалаулысы Мархабат Жайымбетов мердігер мекеме «Қазалы Жолшы» ЖШС-нің өкілдерімен кездесіп, атқарылып жатқан жұмыстардың сапасына назар аударды. Сондай-ақ, тұрғындар күтіп отырған инфрақұрылымдық жобаны уақытылы аяқтау қажеттігін ерекше атап өтті.

- «Жол - стратегиялық маңызы бар нысан. Сондықтан құрылыс жұмыстары сапалы орындалып, мерзімінде аяқталуы тиіс. Бұл халықтың күнделікті тіршілігі мен қауіпсіз қозғалысы үшін аса маңызды», – деді депутат.

◆ Қазалы мәдени - демалыс кешенінде салынып жатқан жаңа спорт кешенінің құрылыс жұмыстарын «Болашақ» ЖШС жүргізуде. Жобаның жалпы құны - 655,492 млн теңге. Құрылыс басталған кезеңнен осы уақытқа дейін нысанның іргетасы құйылып, колонна жұмыстары, 10 кВ электр желісін және ауыз су жүйесін тарту секілді жұмыстар атқарылған. Құрылысты толықтай аяқтау үшін қаржыландыру қажет. Қазіргі кезде 2025 жылға арналған қосымша келісімшарт жасалып, құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Мархабат Жайымбетұлы спорт нысаны жергілікті халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыруына үлкен серпін беретінін атап өтіп, жобаны қаржыландыру бағытында жұмыс жасайтынын жеткізді.

◆ Былғы сәуір айында аудан орталығында орналасқан Қазалы теміржол вокзалының күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов 120 жылдық тарихы бар нысанда жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарымен арнайы барып танысты.

Құрылыс жұмыстарын «Қазақстан Темір Жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының қаржыландыруымен «Бақ Береке» ЖШС жүргізуде.

Аталған вокзалға соңғы рет 2013 жылы жөндеу жүргізілген. Ендігі кезекте эскиздік жобаға сәйкес, ғимараттың іргетасы мен қабырғаларын нығайту, шатырын ауыстыру, есік-терезелерді жаңарту, жолаушыларға арналған күту залдарын заманауи талаптарға сай жабдықтау, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау, қауіпсіздік жүйелерін орнату, сондай-ақ вокзал аумағын көгалдандыру және брусчатка төсеу секілді ауқымды жұмыстар атқарылатын болады.

Халық қалаулысы жауапты сала басшылары мен мердігер мекемеге құрылыс барысы бойынша өз ұсыныс-пікірлерін айтып, жұмыстарды мерзімінде әрі сапалы аяқтап, халық игілігіне табыстау қажеттігін атап өтті.

◆ Қазалы ауданындағы аудандық көп бейінді орталық аурухана жанынан бой көтеріп жатқан 42 төсектік инсульт және кардиология орталығының құрылысы «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында салынып жатыр. Жобаның жалпы құны 1,9 млрд. теңге. Бас мердігер – «СМП Кызылорда» ЖШС-і. Құрылыстың аяқталуы жыл соңына жоспарланған.

Халық қалаулысы нысанды аралап барысында жауапты сала басшылары және мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс барысына қатысты нақты міндеттер жүктөді.

Жоба бойынша орталық пайдалануға берілгеннен кейін аудан тұрғындары үшін аса маңызды мәселе болған МРТ орнатылып, инсульт және жүрек-қан тамыр ауруларына қатысты диагностика мен емдеу қызметтері қолжетімді болмақ. Сонымен қатар, тиісті медициналық мамандардың біліктілігін арттыру да қолға алынады.

◆ Бұдан бөлек депутат «Қамқор Вагон» ЖШС-нің Қазалы вагон жөндеу депосында жаңадан іске қосылған дөңгелек жұптарын күрделі жөндеу цехының жұмысымен танысты.

Бұл учаске 2025 жылдың сәуір айында пайдалануға берілген. Жоба «Қамқор Вагон» компаниясының ұзақ мерзімді даму стратегиясы аясында жүзеге асып, жүк вагондарының жөндеу сапасы мен сенімділігін арттыруды көздейді.

тыңдап, көтерілген мәселелерге назар аударды.

Бірінші кезекте Мәжілісте қабылданып жатқан заңдар мен бағдарламалар туралы ақпарат беріп, олардың өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізер ықпалына тоқталды. Бюджет қаржысының игерілуіне қатысты мәселеге де назар аударды.

Кездесуде тұрғындар әсіресе елді мекендегі инфрақұрылым бағытына қатысты мәселелерді кеңінен қозғады. Атап айтқанда Аранды – Қожабақы бағытындағы 12 шақырымдық жолды жөндеу, Аранды ауылынан скважина қазу, газдандыру жұмыстары, спорт кешенінің құрылысын аяқтау үшін қосымша қаржы бөлу, сондай-ақ балабақша салу қажеттігі сынды ұсыныстар айтылды.

◆ Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Әбенев Сырдария ауданының «Қызылорда-Жалағаш» автожолының бойынан көлемі 4 гектар жерге салынған тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигон құрылысымен танысты.

– Бұл полигонның аудан тұрғындары үшін маңызы зор. Полигон құрылысына облыстық бюджеттен 475,5 млн. теңге бөлінген. Полигонда тұрмыстық қалдықтар сұрыпалады. Құрылыс жұмыстарын «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС атқарған. Айта кету керек, полигон шаруашылық және өндірістік аймақтардан тұрады. Өндірістік аймақта тұрмыстық қатты қалдықтарды сұрыптап жинайтын арнайы алаң, сүзгіш құдығы орналасқан. Мұнда жылына 3500 тонна тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыпталмақ, – деп ақпарат берді аудан әкімі Б. Сәрменбаев.

Мәжіліс депутаттары тұрғындарға жайлы орта қалыптастыру үшін тұрмыстық қатты қалдықтарға арналған полигонның жұмысын жүйелі ұйымдастыру қажеттігін айтты.

– Біз ең алдымен халыққа берген сайлауалды уәдемізді орындауымыз керек. Жол картаға түскен әрбір іс-шараның уақытылы, сапалы жүзеге асуы қатаң бақылауда. Біз келіп отырған бүгінгі нысан да біздің халыққа берген уәдelerіміздің нақты іске асуының нәтижесі, – деді Мұрат Әбенев.

◆ Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Әбенев Сырдария ауданына жасаған жұмыс сапары барысында А.Тоқмағанбетов ауылдық округінде болып, ауыл тұрғындарымен кездесті.

Кездесуге аудан әкімі Берік Сәрменбаев, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, аудандық мәслихат төрағасы Ержан Әжікенов, облыстық мәслихат депутаты Жұмабек Ембергенов, «AMANAT» партиясы Сырдария аудандық филиалының Атқарушы хатшысы Ақтөре Ибрагимұлы, аудандық мәслихат депутаты Болатбек Ұлтанбекұлы қатысты.

Кездесу барысында Мәжіліс депутаттары сегізінші шақырылымның үшінші сессиясында атқарылған жұмыстар туралы айтты.

– Бірер күн бұрын біз «AMANAT» партиясы фракциясының жиынында Мәжілістегі сегізінші шақырылымның үшінші сессиясында атқарылған жұмысты қорытындыладық. Қабылданған заңдардың саны мен шешілген мәселелердің ауқымы жағынан алып қарайтын болсақ, бұл саяси тұрғыда мазмұнды кезең болды. Парламент Әділетті Қазақстанды құру жолындағы реформаларды жүйелі жүзеге асыруда. Жалпы, біздің партияластар 62 заңға бастамашылық етті. Бұл құжаттар барлық парламенттік фракциялардағы әріптестерімізбен бірлесіп жүргізілген үйлесімді жұмыстың, Үкіметпен, сарапшылармен және азаматтық қоғаммен өзара сындарлы іс-қимылдың нәтижесіне айналды. Сөйтіп, VIII шақырылымда заң жобаларына барлығы 5300-ден астам өзгертулер мен түзетулер енгізілді және 626 депутаттық сауал жолданды, – деді Мархабат Жайымбетов.



ПАРЛАМЕНТТІК ЖҰМЫСТЫҢ ӨҢІРЛІК ДЕНГЕЙІ

– Парламент Мәжілісіндегі «AMANAT» фракциясы атқарған жұмыс қорытындысы жөнінде айтар болсақ, азаматтардың мүддесі мен мемлекеттің дамуы – басты назарда. «AMANAT» партиясы фракциясы VIII шақырылымның үш сессиясы аясында Президент Жолдаулары мен партияның сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жүйелі және нәтижелі жұмыс жүргізуді жалғастырды. Қабылданған бастамалар негізгі салаларды қамтыды: экономика, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау, цифрлық инфрақұрылым және азаматтардың құқықтары. Фракция барлық заң жобаның 82,6%-на бастамашылық етті, тұрғындармен 4 мыңнан астам кездесу өткізді және азаматтардың өмірінде орын алған нақты өзгерістерге қол жеткізді. Біз сайлаушылардың ұсыныс-пікірлерін алдағы уақытта да ескеріп, нақты жұмыстар атқаратын боламыз. 1 шілде күні Сыр еліне депутаттық қызмет сапарымен келдік. Саяси тілде «каникул» деп аталып кеткен, шын мәнінде парламенттік жұмыстың өңірлік деңгейде жалғасуы. Кесте бойынша іс-шаралар, күніне бірнеше кездесулер, жеке қабылдау жоспарланған. Әріптесім Мархабат Жайымбетовпен бірге өңірді аралап, өндірістік жобалармен танысып, экономикалық әлеуметтік саладағы қалыптасқан жағдайды өз көзімізбен көріп, сайлаушылармен кездесеміз, – деді Мұрат Әбенев.

♦ Сырдария ауданында депутаттар М. Жайымбетов пен М.Әбенев Шаған ауылдық ауруханасына жүргізіліп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарыменде танысты.

Ауылдық мәдениет үйінде өткен басқосуда ауыл тұрғындары елді мекендегі өзекті мәселелерге тоқталып, халық қалаулысына өз ұсыныстарын жеткізді. Атап айтқанда елді мекенде су ұңғымаларын қазу сынды мәселелерге тоқталды.

♦ Азаматтармен пікірлескен М.Жайымбетов көтерілген мәселелер бойынша заң аясында жұмыс жасайтынын жеткізді.

♦ Мархабат Жайымбетов жұмыс сапарымен Байқоңыр қаласы мен Төретам кентіне де барды.

Сапар барысында бірқатар инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысымен танысты. Атап айтқанда, депутат Байқоңыр қаласында салынып жатқан 50 пәтерлі 5 тұрғын үйдің құрылыс алаңында болып, мердігер мекеме өкілдерінен атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзімі жөнінде ақпарат алды.

Мұнан соң, мәжіліс депутаты Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстарының барысымен танысты. Бұл бағыттағы жобалар тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын арттыру мақсатында жүргізілуде.

Сонымен қатар «Байқоңыр» кешенінің 70 жылдығына орай ашылған тарихи-техникалық экспозициялар орналасқан ашық аспан астындағы мұражайға барды. Бұл жерде әр жылдары ғарышқа ұшырылған ымыраңдардың макеттері мен арнайы техникалар көрмеге қойылған. Ашық аспан астындағы бұл көшен бүгінде мұражай ретінде жұмыс істеп, келушілерге Байқоңырдың ғарыштық тарихымен танысуға

отбасы қамтылған. Шаруақожалықтың жалпы жер көлемі 492 га, ал егістік жері 124 га жерді құрайды. Биылғы жылы шаруақожалық төрағасы Аян Өлімбайұлы 30 га бақша, 28 га жоңышқа, 4 га дәнді жүгері егіп отыр.

Жалпы Жайылма елді мекенінде ағымдағы жылы 50 га дәнді жүгері, 450 га жаңа жоңышқа, 92 га ескі жоңышқа, 13 га картоп, 26 га көкөніс, 525 га бақша, барлығы 1156 га ауылшаруашылығы дақылдары орналастырылды.

♦ Одан кейін халық қалаулылары Жаңақорған кенті аумағындағы «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» автокөлік дәлізінің бойында орналасқан жаңа сервистік орталықтың құрылыс жұмыстарымен танысты.

Қазіргі заман талабына сай салынып жатқан қызмет көрсету кешенінде жолаушыларға барлық жағдай жасалады. Мұнда 44 нөмірлі қонақжай, 70 адамға арналған тамақтану орны, 50 орындық монша, 50 орындық жолаушыларға қызмет көрсету бекеті және жанар жағар май бекеті, сондай ақ, электромобильді автокөліктерді аса қатты жылдамдықпен қуаттайтын арнайы бекетте қарастырылған.

Жобаның құрылтайшысы «Engineering & Construction Company» («ЕСС») ЖШС, жоба басшысы Ашимов Талғат алдағы уақытта бұл нысанда 20 дан астам аудан тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтылатын айтып өтті.

♦ Ары қарай Мәжіліс депутаттары Жаңақорған аудандық полиция бөлімі, Жедел басқару орталығының жұмысын көрді.

Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес 2025 жылдың қаңтар айында қалалық және аудандық полиция



Мәжіліс депутаттарын аудан әкімі Берік Сәрменбаев пен аудандық мәслихат төрағасы Ержан Өжікенов күтіп алып, ең алдымен ауданның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуы туралы ақпарат берді.

Мәжіліс депутаттары Шаған ауылындағы аурухананы күрделі жөндеу сапалы әрі уақытылы жүргізілуі керек екенін айтып, мердігер мекеме өкілдерімен пікірлесті. «РеалСтройСнаб» серіктестігінің өкілдері күрделі жөндеу жұмыстары наурыз айының басында басталғанын айтып, қыркүйек айында толық аяқтау жоспарланғанын жеткізді. Қазіргі таңда жұмыстың 80 пайызы аяқталған, ішкі өрлеу және сырлау жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы күрделі жөндеу жұмыстарына облыстық бюджеттен бөлінген 328,9 млн. теңге бөлінген. Құрылыстың сапалы, талаптарға сай жүргізілуін қатаң бақылауға алынған.

♦ Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов пен Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев кезекті жұмыс сапарымен Сексеуіл кентіне барып, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынып жатқан 300 орындық мектеп ғимаратында болып, құрылыс жұмыстарымен танысты.

Бүгінгі күнде құрылыстың 70 пайыздайы орындалып отыр. Құрылыс жұмыстарына жалпы 100-ге жуық адам жұмылдырылған. Жаңа әрі жайлы үлгідегі білім ордасы ағымдағы жылдың жаңа оқу жылына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Білім ордасының құрылысын көрген Мәжіліс депутаты нысанның мерзімінде әрі сапалы түрде халық игілігіне берілуі қажет екенін баса айтты.

Сонымен қатар мектеп ғимаратында ауыл тұрғындарымен жүздесіп, ардагерлердің ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді. Кент тұрғындары мәжіліс депутатына жол және тұрғын үй салу мәселесін көтеріп, оның шешілуіне ықпал жасауды сұрады. Мұнан өзге кент тұрғындары тарапынан көтерілген мәселелер назарға алынып, оларды шешу бағытында жұмыс жасалатындығы айтылды.

♦ Халық қалулысының кезекті сапары Аққұм ауылдық округіне жалғасты.

мүмкіндік береді. Парламент Мәжілісінің өкілі кешендегі экспонаттармен танысып, еліміздің ғарыш саласындағы жетістіктері мен тарихи кезеңдері жайлы мағлұмат алды.

Жұмыс сапары Төретам кентіндегі «Төретам – Ақай» бағытындағы аудандық маңыздағы автомобиль жолының күрделі жөндеу жұмыстарымен танысумен жалғасты. Депутат жөндеу жұмыстарының сапасы мен құрылысына ерекше назар аударып, тиісті ұсыныстарын жеткізді.

♦ Бүгін Мәжіліс депутаттары Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Әбенев арнайы Жаңақорған ауданына жұмыс сапарымен келді. Іс сапар барысында халық қалаулылары аудан әкімі Мажит Самитов, «AMANAT» партиясы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов және «AMANAT» партиясы аудандық филиалының төрағасы Арман Мажитовпен бірге Жайылма елді мекеніндегі «Шоқымазар» шаруа қожалығында болып, шаруалармен пікірлесті.

Жайылма ауылдық округіне қарасты «Шоқымазар» шаруа қожалығы 2004 жылы құрылған. Құрамында 21

бөліністеріндегі кіші жедел басқару орталықтарын қаржыландыру жүктелген.

Осыған орай облыс әкімінің қолдауымен өңірдің 7 аудандық полиция бөліміндегі Жедел басқару орталығын құруға қаржы бөлінді. Жаңақорған аудандық полиция бөлімінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында кезекші бөлімшелерінде жедел басқару орталығы іске қосылды. Қазіргі таңда Жаңақорған кенті орталығында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге 63 жерге барлығы 207 бейне бақылау камералары және жол қозғалысы ережелерін автоматты түрде анықтайтын 7 дана стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылары орнатылып, тиісті жұмыстар атқарылууда.

Нәтижесінде жыл басынан бері қылмыс тіркелуі 8,3 пайызға төмендеген. Сондай ақ, 2520 әкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 18 млн. 562 мың теңге айыппұл салынған.

Мәжіліс депутаттары ауданда атқарылып жатқан жұмыстарға оң баға беріп, ризашылықтарын білдіріп, алдағы жұмыстарға сәттілік тіледі.

♦ Депутаттар Мұрат Әбенев пен Мархабат Жайымбетов Шиелі аудандық партия филиалының қоғамдық қабылдау

Ауылдықтардың сауалы – депутаттарға елдің сенімі

Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Мархабат Жайымбетов пен Мұрат Әбенев Сырдария ауданына жасаған жұмыс сапарында «Руханият» орталығында жеке қабылдау өткізді. Жеке және заңды тұлғалар өкілдерін қабылдауға келушілер инфрақұрылымды жетілдіру, құрылыс, кәсіпкерлік, әлеуметтік сала және «Ауыл аманаты» жобасына өзгерістер енгізу бойынша мәселелерді көтерді. Білім саласының ардагері Ұ.Жаналиева ауданда «Жайлы мектеп» салу мәселесі бойынша сұрақ қойды.

– Мен білім саласының ардагерімін. Өздеріңізге белгілі, Президенттің бастамасымен өңірлерде «Жайлы мектептер» салынууда. Алайда, Тереңөзек кенті орталығына салынуы керек «Жайлы мектеп» қаржыландырылмай қалды. Кент орталығына мектеп қажеттілігі күн санап артууда. Осыған байланысты жайлы мектепке теңестірілген типтік жобадағы мектеп салып беруге ықпал етсеңіздер» - деді ардагер.

Өз кезегінде кент тұрғыны С.Тобағұлов апатты үйлер мәселесін шешу мәселесін айтты.

– «Мемлекет басшысының қолдауымен жалпы аудандарда тұрғын үйлер көптеп салынууда. Осыған байланысты атқарып жатқан жұмыстарыңызға алғыс білдіреміз. Алайда аудандағы апатты жағдайдағы үйлердің мәселесі өзекті болып отыр. Апатты жағдайдағы үй иелеріне үй салып беру үшін мемлекеттік бағдарлама бойынша республикадан қаржы бөлуге ықпал етуіңізді сұраймын» - деді ол.

С.Сейфуллин ауылының тұрғыны Б.Рахметов «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында Қызылорда облысында мал шаруашылығын дамытуда тек асыл тұқымды мал сатып алу талабын алып тастау бойынша ұсынысын жеткізді.

– «Ауыл тұрғындарына үй жағдайында асыл тұқымды малды асырауға мүмкіндік болмауда. Яғни бұл уақытқа дейін қаржы тек асыл тұқымды мал басына ғана берілуде. Тұрғындардың сұрауы осы бағдарлама аясында несиені жалпы мал басына берсе деген өтінішіміз бар» - деді кәсіпкер.

Қалжан ахун ауылының тұрғыны Б.Зинабдинов Қалжан ахун ауылының электр желілерін жаңарту жобасы 2024 жылы басталып бүгінгі күні аяқталмай тоқтап тұрғанын айтты.

бөлмесінде аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қоғамдық қабылдауға партияның облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов, аудан әкімі Айтбай Жандарбеков қатысты.

Қабылдау барысында 6 азамат өз өтініштері мен ұсыныстарын білдірді. Олар – кент орталығындағы көшелерге жөндеу жұмыстарын жүргізу, абаттандыру шараларын күшейту, Байсын ауылына инфрақұрылым тарту, сондай-ақ аудан орталығындағы спорт кешенінің шатырына күрделі жөндеу жүргізу мәселелерін көтерді.

Фракция мүшелері әрбір азаматтың өтінішін жеке бақылауына алатындығын және тиісті сала мамандарына жолдап, заң аясында шешу жолдарын қарастыратынын жеткізді.

Қоғамдық қабылдау – халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, билік пен бұқара арасындағы сенімді нығайтудың нақты тетігі.

♦ «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық автодәлізі бойынша салынып жатқан газ құю бекеті мен сервистік қызмет көрсету кешенінің құрылыс алаңы жобасын «Эко Энерджи Плюс» ЖШС жүзеге асыруда. Жалпы құны 1,5 млрд. теңгені құрайтын кешен іске қосылғанда 27 жергілікті тұрғын

лылары Еңбекші ауылдық округі аумағында салынып жатқан қуаттылығы 40 МВт күн электр станциясының жұмысымен де танысты. 80 гектар жерді алып жатқан нысанды China Huadian Corporation Ltd компаниясы салып жатыр. Жалпы құны – 11,5 млрд теңге. Жоба үш кезеңнен тұрады: жол және қоршау құрылысы, күн панелдері және қосалқы станция. Қазіргі таңда алғашқы екі кезең аяқталып, үшінші кезең жұмыстары жүргізілуде. Осы күнге дейін жоба аясында 55 жергілікті тұрғын жұмысқа тартылған.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев:

– Мұндай ірі жобалар мемлекет тарапынан жан-жақты қолдау тауып, толыққанды инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі қажет, – деді.

Депутаттар жұмыс сапары барысында жергілікті тұрғындардың тұрақты жұмыспен қамтылуы, ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік мәселелердің шешілу барысын көзбен көруді, сондай-ақ заңнамалық деңгейде қолдауды қажет ететін өзекті мәселелерді зерделеуді мақсат етті.

Сапар соңында делегация «Гехуба Шиелі Цемент Компаниясы» ЖШС-нің өндіріс орнында болды. Зауыт директоры У Чен Хуамен кездесіп, өндіріс барысын талқылады. Жылына 1 млн. 100 мың

Парламент мәжілісінің депутаты М.Әбенев:

– Жаңақорған ауданындағы сапарымыз барысында Хорасан Ата мен А.Иманов көшесі қиылысындағы темір жол асты өткеліне жүргізілген жөндеу жұмыстарымен де таныстық.

Темір жол асты өткелі 1906 жылы салынған. Бүгінге дейін ешқандай күрделі жөндеу көрмеген. Ағымдағы жылы аудан әкімі бастамасымен «Аңсар строй» ЖШС – нің демеушілігімен өткел гранит таспен қапталып, күрделі жөндеу жүргізілген. Сондай-ақ кент кәсіпкерлері демеушілігімен өткел жанына «I LOVE JANAQORGAN» белгісі орнатылып, кешке жарық беріп, кент ажарын ашып тұратын келбеті келісті орынға айналған. Мұнан бөлек те ауданда инфрақұрылымды дамытып, мәдени көркін арттыруға бағытында үлкен жобалар іске асқан.

Фб парақшасынан

тұрақты жұмыспен қамтылады деп күтілуде. Мемлекеттік қолдау ретінде жобаға Туран ауылдық округі аумағынан 2 гектар жер телімі табысталған.

– Жоба толық іске қосылғанда аудан бюджетіне жылына 200 млн теңгеге жуық салық түседі деп жоспарлап отырмыз. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде, 15 жергілікті тұрғын еңбек етуде, – деді аудан әкімі Айтбай Жандарбеков.

Сапар барысында халық қалау-

тонна цемент өндіретін зауытта бүгінде 264 адам жұмыс істейді, оның 226-сы – Қазақстан, 38-і – Қытай азаматтары. Жалпы жұмысшылардың 85 пайыздан астамы – жергілікті тұрғындар.

Жуырда өткен «Қазақстанның үздік тауары – 2025» өңірлік көрме-байқауында аталған зауыт жеңімпаз атанды.

– Бұл жетістік – сапалы өнім мен заманауи технологияның, үздіксіз еңбектің нәтижесі. Ұжымның ұйымшылдығы мен кәсібилігі – табыстың кілті, – деді депутат Мұрат Әбенев.

Осындай ауқымды жобалар мен ірі кәсіпорындар Шиелі ауданының өндірістік әлеуетін арттырып, өңір экономикасының тұрақты дамуына елеулі үлес қосуда.

P.S. Парламенттен каникулға шығып, өңірге келген депутаттардың әр күні, әр сапары қызықты өтуде. Сырт қараған көзге “қыдырып” жүрген олар елдің қажеттісі, мұқтаждықтарына орай жұрт ұсыныстарын жинақтауда. Осы ұсыныстар негізінде депутат сауалы құралатыны анық. Одан бөлек елдің әлеуметтік жағдайын, өңірдің экономикалық әлеуетін таразылап, зерделеді. Келер жылдың бюджеті бекітілер тұста ауылдағылардың айтқан аманаты қаржысы қаралған жобаға айналары анық.

Билік пен халық арасындағы алтын көпір міндетін атқарып, ел аралап жүрген депутаттарды “негіп жүр” деме, ағайын...



Ауыл – елдің алтын діңгегі. Осындай еңбекқор азаматтардың арқасында ауылымыз өсіп-өркендеп келеді.

Жерге қарап еңбек еткен жанның жүзі жарық, көңілі тоқ болары анық.

Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев, «Amanat» партиясының тізімімен сайланған, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің мүшесі

Фб парақшасынан

Жаңақорған – еңбек пен молшылықтың мекені

Бүгін әріптесім Мархабат Жайымбетовпен бірге Жаңақорған ауданына арнайы іссапармен барып, Жайылма ауылындағы «Шоқымазар» шаруа қожалығының егіс алқабында болдық.

Ауыл шаруашылығын дамыту, өнім көлемін арттыру, жаңа технологияларды енгізу – басты мақсатымыз. Ең бастысы – жергілікті дихандардың ұсыныс-тілектерін тыңдап, олардың ой-пікірін ескеру.

«Шоқымазар» шаруа қожалығы 2004 жылы құрылған. Қазіргі таңда шаруашылықты Өлімбай Аян есімді азамат басқарып отыр. Жалпы 21 отбасы еңбек ететін қожалықтың 492 гектар жері бар, соның 124 гектары – егістік.

Биыл 30 гектарға бақша, 28 гектарға жоңышқа, 4 гектарға дәндік жүгері егілген.

Жаз шықса Жаңақорғанның аты қарбызымен қатар айтылады. Бұл – қарапайым еңбек адамдарымыздың адал еңбегінің нәтижесі.

Сұрағым бар...

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ЖЕҢІЛДІКТЕР:

АЛАЯҚТЫҚТЫҢ ҚҰРБАНЫ БОЛМАУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Қазақстанда қасқүнемдер азаматтарға тұрғын үй алуға, кредит ресімдеуге немесе мемлекеттік бағдарламалар бойынша борыштарын есептен шығаруға көмектесуге уәде беретін алаяқтық жағдайлары жиілеп кетті. «Жедел ресімдеу» немесе «мақұлдануына кепілдік беру» деген сылтаумен олар ақша аударуды талап етеді, содан кейін байланысқа шығуын тоқтатады. Бұл тұста зардап шегушілер қаражаттарынан қағылып, түрлі қиындықтарға тап болады.

Көп жағдайда мұндай схемалар жалған сайттар, мессенджерлер мен әлеуметтік желілердегі хабарландырулар, «кеңесшілердің» қоңыраулары және дербес деректерді беру туралы өтініштермен қатар жүреді. Кей жағдайларда алаяқтар адамдарды

сөндіру үшін ешбір жерде жазылмаған заңдарға немесе бағдарламаларға сілтеме жасайды.

Алаяқтар мемлекетке деген сенім мен азаматтардың, әсіресе қаржылық қиындықтарға тап болғандардың аңғалдығын пайдаланады. Олар қоңырау шалып, мессенджерлерде жазуы мүмкін, әлеуметтік желілерде хабарландырулар орналастырады немесе ресми порталдарға ұқсайтын жалған сайттар жасай алады. Басты мақсаты – ақшаға немесе дербес деректерге қол жеткізу.

Өзіңізді қорғау үшін не істеу қажет:

Ресми ресурстардағы: eGov.kz, мемлекеттік органдардың сайттарындағы және олардың әлеуметтік желілердегі верификацияланған ак-

каунттарында жеңілдіктер мен бағдарламалар туралы кез келген ақпаратты тексеріңіз.

Ресми шартсыз бейтаныс адамдарға ақша аудармаңыз.

Мессенджерлер немесе хабарландырулар арқылы ресімдеуді ұсынатын депдалдарға сенбеңіз.

Барлық мемлекеттік қызметтер тегін немесе ресми арналар арқылы ұсынылады.

Егер сізге ақылы түрде «кезектен тыс» көмек ұсынылса – абай болыңыз. Мұқият тексеріңіз және жақындарыңызға, әсіресе қарттарға ескертіңіз. Күдікті ұсыныстар болған жағдайда, полицияға хабарласыңыз немесе 1414 қысқа нөміріне қоңырау шалыңыз.

ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫН ҚАЛАЙ ТАНЫП-БІЛУГЕ БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ескертеді: қаржы пирамидаларына қатысу салынған қаражаттың толық жоғалуына әкелуі мүмкін. Мұндай схемалар көбінесе сенімді инвестициялық мүмкіндік ретінде ұсынылады, бірақ іс жүзінде олар қаржылық тұрғыдан орнықсыз және заңнаманы бұзады.

Қаржы пирамидасының негізгі белгілері:

Жоғары кірістілікке уәде беру. Нарықтық көрсеткіштерден бірнеше есе көп кіріс көбінесе нақты қызмет есебінен емес, жаңа қатысушылардың қаражаты есебінен қалыптасады.

Жаңа салымшыларды міндетті түрде тарту. Пайда жаңа қаражаттың тұрақты түсуі арқылы төленеді, онсыз схема тез жұмысын тоқтатады.

Лицензияның болмауы. Қатысушыларға агенттік берген лицензияның болуы туралы ақпарат берілмейді. Салымдардың сақталуы үшін шартта заңды жауапкершілік болмауы мүмкін.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі белсенді жарнама.Тұсаукесерлер, сыйлықтар, қолма-

қол ақшамен немесе электронды әмияндар арқылы ресми төлем құралдарын айналып өтуге шақыру жиі қолданылады.

Жаңылыстыратын атауларды пайдалану. Алаяқтар заңды қызметтің көрінісін жасау үшін «инновациялық жоба», «қаржы орталығы», «борыштық бағдарламасы» сияқты атауларды пайдалануы мүмкін.

Бастапқы салымдары аз. Бұл сенімді қалыптастыру және кейіннен барынша ірі инвестицияларға тарту үшін жасалады.

Егер сіз қаржы пирамидасының құрбаны болдым деп күдіктенсеңіз, мүмкіндігінше тезірек полиция мен Қаржылық мониторинг агенттігіне (ҚМА) хабарласу қажет. Бірден шагым беру ұсынылады – бұл ақшаны қайтару ықтималдығын арттырады. Сондай-ақ туыстарға, достарға және таныстарға олардың кейінгі құрбан болмауы үшін ескерту маңызды.

Компания туралы ақпаратты, лицензияның болуын және мемлекеттік органдардың ресми сайттарында тіркелуін тексеріңіз.

БАСҚА ДӘРІГЕРГЕ ҚАЛАЙ ҚАРАЛУҒА БОЛАДЫ?

1. Өз емханамда көрсетілегін қызмет сапасына көңілім толмаса, дәрігерден басқа клиникадағы бейімді маманға немесе диагностикалық зерттеуге жолдама ала аламын ба?

Пациентке кез келген консультативтік немесе диагностикалық қызметті ұчаскелік дәрігер тағайындайды. Ол алдымен пациенттің жағдайы мен шағымдарын ескеріп, көрсеткіштер болған жағдайда зертханалық немесе өзге де тексерулерге жолдама береді.

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес, азаматтың дәрігер мен медициналық ұйымды еркін таңдауына құқығы бар. Демек, егер пациент басқа клиникада қызмет алғысы келетінін білдірсе, емдеуші дәрігер осы өтінішті ескеріп, жолдама бере алады. Бұл ретте таңдаған клиника ӨМҚК-ның жеткізушілер тізімінде болуы шарт. Жолдама рәсімделген соң, келісімшарт автоматты түрде ақпараттық жүйелерде тіркеледі.

2. Стационарға жоспарлы түрде жату керек. МӨМС аясында ауруханаға жату үшін не істеу керек?

Пациент тіркелген емханасындағы дәрігерге жүгіну керек. Егер ауруханаға жатқызуға көрсеткіштер болса, дәрігер толық көлемде қажетті зерттеулерді тағайындайды. Медициналық ұйымды пациент өз дәрігерімен бірге таңдай алады.

Осыдан кейін ауру түріне байланысты емдеу хаттамасына сәйкес зерттеулер тізімі жасалып, «Емдеуге жатқызу бюросы» порталына кезекке қою жүзеге асырылады.

Жоспарлы госпитализацияға жолдама алған соң, пациент арнайы талон арқылы www.bg.eisz.kz сайтынан өз кезегін қадағалай алады.

3. Ұчаскелік акушер (фельдшер, медбике/медбрат) қандай медициналық көмек көрсете алады? Орта буын медицина қызметкері дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді. Оған:

денсаулық жағдайын бағалау және ауруларды анықтау мақсатында қабылдау мен тексеру жүргізу;

«Жүкті әйелдер мен ұрпақты болу жасындағы әйелдер тіркелімі» жүйесіне деректер енгізу;

Жүкті әйелдерге, басанған аналарға шұғыл көмек көрсету;

Созылмалы аурулары бар жүкті әйелдерді бақылау; Акушер-гинекологтың тағайындамаларын орындауды қадағалау; Физиологиялық жүктілік кезінде бақылау және патронаж жүргізу;

Жүкті әйелдерге, босанғандарға және гинекологиялық ауруы барларға үйге барып қызмет көрсету;

Ауруларды ерте анықтау үшін скринингтер мен

профилактикалық тексерулер өткізу;

Отбасын жоспарлау және репродуктивті денсаулық бойынша кеңес беру;

Диспансерлік есепте тұрғандарды динамикалық бақылауда ұстауға көмектесу;

Есепте тұрғандарға арналған тегін дәрі-дәрмекке рецепт жазу.

4. Қандай жағдайларда медицина қызметкерін үйге шақыруға болады?

Медицина қызметкерін үйге шақыру – адамның жағдайы күрт нашарлаған немесе созылмалы ауруы асқынған кезде, бірақ өміріне қауіп төндіретін белгілер байқалмаған жағдайда жүзеге асырылады. Ұчаскелік медбике немесе фельдшер тарапынан үйге келіп қызмет көрсету мынадай жағдайларда мүмкін: шақыру кезіндегі дене қызуы 38°C-қа дейін болса; артериялық қысым көтерілгенімен, жалпы жағдайы қанағаттанарлық болса; есінен тану, қан кету, немесе кенеттен жағдайының күрт нашарлауы байқалмайтын жарақаттар мен аурулар кезінде, егер медициналық көмек пен кеңес қажет болса.

Ұчаскелік дәрігер үйге келесі жағдайларда шақырылады: шақыруды қабылдаған тіркеу бөлімі, медбике немесе фельдшер жағдайды дәрігерлік қарауды қажет етеді деп бағаласа; вакцинациядан кейінгі жағдай нашарласа.№

5 жасқа дейінгі балалар, жүкті әйелдер мен босанған аналарды денсаулығы нашарлаған кез келген жағдайда үйге қызмет көрсетіледі. 65 жастан асқан адамдардың жүріп-тұруында қиындықтар болса, үйде қаралады.

5. МӨМС аясында психолог көмегін алуға бола ма?

Психологиялық немесе психотерапиялық кеңес – мамандандырылған медициналық көмектің бір түрі. Бұл көмек нақты диагностика мен емдеуді, медициналық оналтуды қажет ететін ауруларда, сондай-ақ телемедицина құралдарын пайдалана отырып көрсетіледі.

Пациент психолог қызметін өз емханасы деңгейінде келесі бағыттар бойынша ала алады:

- психологиятн қабылдауы;
- балалар арасындағы сунцидтің алдын алу бойынша сабақтар өткізу;
- мінез-құлықтық және психобелсенді бұзылыстарға күдік туған жағдайларда қабылдау;
- әлеуметтік бейімделу, жас ерекшелігіне сай қиындықтар бойынша кеңес беру;
- созылмалы аурулары бар пациенттерге өзін-өзі басқару тәсілдерін үйрету;
- жүкті әйелдерге, жасөспірімдерге және жастарға Жастар денсаулық орталықтарында қызмет көрсету.

Психологтың консультациясы ТМҚКК, МӨМС жүйесі аясында да қолжетімді.

"ПОЧТАЛЫҚ"АЛАЯҚТАРДЫҚАЛАЙ ТАНУҒА БОЛАДЫ?

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «Қазпошта» АҚ-тың атын пайдалана отырып жасалатын алаяқтық жағдайлары туралы ескертеді.

Алаяқтық схемасына мынадай әрекеттер кіреді:

Азамат «Қазпошта»-дан хат немесе сәлемдеме жеткізу туралы ақпараты бар SMS-хабарлама алады.

Осыдан кейін абоненттің WhatsApp мессенджеріне «Қазпошта»-дан қоңырау шалынады.

Мекенжайды нақтылау немесе жеткізуді растау керек деген сылтаумен азаматтардан SMS-ке келген кодты айтуды сұрайды.

Кодқа қол жеткізген соң шабуылдаушылар оны жеке деректерді алу немесе жәбірленушінің атына онлайн кредит ресімдеу мақсатында қосымшаларға немесе қызметтерге кіру үшін пайдаланады.

Өзіңізді қалай қорғауға болады:

Қоңырау шалушы ресми ұйымның қызметкері болып көрінесе де, SMS-пен келген растау кодтарын ешқашан бермеңіз. Белгісіз адамдар жіберген хабарламалар бойынша сілтемелерге өтпегізіз. Телефон арқылы дербес деректерді, банк картасының нөмірін және CVV-кодты бермеңіз. Сонымен қатар, мессенджерлер арқылы бейтаныс

нөмірлерден келген қоңырауларға сак болыңыз.

Барлық ақпаратты ресми арналар – сайт немесе мобильдік қосымша арқылы екі рет тексеру қажет. Алаяқтық белгілері анықталған жағдайда, дереу құқық қорғау органдарына жүгіну керек. Алаяқтық кредиттерді ресімдеуден қорғану үшін eGov.kz порталында немесе eGov mobile мобильдік қосымшасында банктік қарыздар мен микрокредиттерді алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу ұсынылады. Бас тартуды азамат кез келген уақытта сол ресми ресурстар арқылы алып тастай алады.

МЕССЕНДЖЕРЛЕРДЕГІ АЛАЯҚТАР: ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Заманауи мессенджерлер қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар интернет-алаяқтар үшін танымал алаңға айналды. Олар WhatsApp, Telegram және басқа да қосымшаларды пайдаланып, алдау арқылы аккаунттарға қол жеткізуге, ақша немесе жеке ақпаратты иемденуге тырысады.

Көп жағдайда қылмыскерлер өздерін банк қызметкерлері, мемлекеттік орган өкілдері, туыстар немесе таныстар ретінде таныстырады. Алаяқтар фишингтік сілтемелер таратады, видео көру арқылы «тіімді» қосымша табыс ұсынып, зиянды файлдар жібереді және құпия мәліметтерді алу үшін жалған чаттар құрады.

Тәуекелге мектеп оқушылары, студенттер және егде

жастағы адамдар ұшырайды. Сондықтан сақ болып, жақын-дарды қауіптер туралы ескерту өте маңызды.

Нені білу маңызды?

Ешқашан интернеттегі қосымша жұмыс, тауарлар немесе қызметтер үшін «кепіл» ретінде ақша жібермеңіз; күдікті сілтемелер бойынша өтпегізіз, тіпті олар «тағыс адам-нан» келсе де – оның аккаунты бұзылған болуы мүмкін; мессенджерге қосылған құрылғылардың тізімін тексеріңіз және қосымша сеанстардан, сондай-ақ, мысалы интернет-кафе сияқты үшінші тарап құрылғыларындағы аккаунттардан үнемі шығып отырыңыз;

екі факторлы аутентификация мен күрделі құпия сөздерді қолданыңыз; SMS кодтары мен құпия сөздерді бөгде адамдарға, тіпті олар өздерін банктің немесе мемлекеттік органдардың қызметкерлері ретінде таныт-ырса да бермеңіз; туыстарыңызға, әсіресе қарттарға мемлекеттік орган-дардың өкілдері мессенджер арқылы ақша аударуды немесе «жеке басын растауды» сұрап қоңырау шалмайтынын, сондай-ақ ешқандай нұсқау бермейтінін және оларды орындауды талап етпейтінін түсіндіріңіз.

Егер сіз немесе жақындарың-ыз алаяқтардың құрбаны болса – бірден полицияға хабарласқан абзал. Уақытылы әрекет ету алаяқтарды тоқтатуға және қаражатыңызды сақтап қалуға көмектеседі.

САҚТАНДЫРЫЛМАҒАН АЗАМАТТАРҒА ҚАНДАЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТІЛЕДІ?

Шамамен 1,63 трлн. теңге кепілдендірілген медициналық көмек көлеміне кіретін қызметтерге қарастырылған. Мұндай қызметтер тегін көрсетіледі. Сақтандырылмаған пациенттер де тегін ала алады.

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бюджет қаражаты есебінен Қазақстан азаматтарына, қаңдастарға, босқындарға, сондай-ақ елде тұрақты тұратын және ықтиярхаты бар шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға көрсетіледі. Ал елімізде уақытша тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және баспана іздегендер қоршаған ортаға қауіп төндіретін жұқпалы аурулар кезінде жүгіне алады.

«2025 жылы медициналық қызметтерді қаржыландыруға жалпы 2,96 триллион теңге бөлінді, оның 1,63 триллион теңгесі ТМҚКК пакетіне кіретін қызметтерге және 1,33 триллион теңге МӨМС пакетіне тиесілі. Көпшілік сақтандырылған мәртебесі болмаса емханада қабылдамайды деп ойлайды. Алайда МӨМС жүйесіндегі мәртебесіне қарамастан көрсетілетін медициналық қызметтердің тізімі бар», - деп атап өтті ӨМСК баскарма төрағасының орынбасары Индира Саркенова.

ТМҚКК пакеті қандай қызметтерді қамтиды?

1) Жедел медициналық көмек: жедел жәрдем бригадасын шақырудан бөлек, оған санитарлық авиация қызметтері де кіреді.

2) Алғашқы медико-санитариялық көмек: учаскелік дәрігер қабылдауы (жалпы тәжірибе дәрігері, терапевт, педиатр, медбике) диагностика, ең көп таралған ауруларды емдеу және басқару, мақсатты халық топтарын профилактикалық қарау, иммунизация, аурулардың мінез-құлыққа байланысты тәуекел факторларын ерте анықтау және мониторинг, салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, репродуктивті денсаулықты қорғау шаралары, жүкті әйелдер мен босанған әйелдерді босанудан кейінгі кезеңде бақылау.

3) Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек: *ЖИТС пен туберкулезді алдын алу және диагностикалау; сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар және созылмалы ауруларды диагностикалау мен емдеу, жарақаттар, уланулар*

2025 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша қазақстандықтардың зейнет-ақы жинақтарының көлемі **23,34 трлн теңгеге жетті**. 12 айда **4,10 трлн теңге**ге немесе 21,3%-ға артты.

2025 жылдың 1 маусымында міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының көлемі **22,25 трлн теңге**. 12 айдағы өсімі – 19,9%.Міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) бойынша зейнетақы жинақтары – **666,33 млрд теңге**, 12 айдағы өсім – 10,7%. Өткен бір жыл ішінде ең үлкен өсімді (37,5%) ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) бойынша жинақтар көрсетті, олардың 2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша көлемі **8,45 млрд теңге**.

Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы шоттарына 2024 жылғы 1 қаңтардан түсе бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) 2025 жылдың 1 маусымына **418,45 млрд теңге** болды.

Түсімдер

Зейнетақы жинақтарының көлемі зейнетақы жарналары мен инвестициялық кіріс түріндегі кіріс ағындары есебінен ұлғаяды. Бір жыл ішінде салымшылардың жеке және шартты зейнетақы шоттарына 1 301,01 млрд теңге түсті. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткішінен 20,4%-ға (немесе 220,26 млрд теңгеге) артық.

Жыл басынан бері МЗЖ есебі жүргізілетін жеке зейнетақы шоттарына (ЖЗШ) 2025 жылдың 1 маусымына1 070,38 млрд теңге (өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда МЗЖ көлемі 12,1%-ға ұлғайды), МКЗЖ – 57,24 млрд теңге (өсім –21,1%), ЕЗЖ – 1,21 млрд теңге түсті. 2025 жылдың 5 айында ЖМЗЖ 172,18млрд теңгені құрады.

Төлемдер мен аударымдар

2025 жылдың 5 айында БЖЗҚ-дан жарналардың барлық түрлері бойынша жасалған төлемдер мен сақтандыру

ұйымдарына аударымдар **646,05млрд теңгені** құрады. Бұл былтыр жасалған төлемдер көлемінен 75,9%немесе 278,68 млрд теңгеге көп.

Төлемдердің басым бөлігі тұрғын үй жағдайларын жақсартуға және емделуге арналған біржолғы зейнетақы төлемдерінің (БЗТ) еншісінде – 374,68 млрд теңге. Бұл ретте баламалы мақсаттарға төленетін төлемдер көлемі былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 41,25%-ға ұлғайды.

Зейнет жасына толуына байланысты төлемдер жылы бойына 22,21% ұлғайып, 01.06.2025ж. 98,08 млрд теңгеге жетті. БЖЗҚ-дан зейнет жасына толуына байланысты берілетін орташа айлық төлем – 35 668 теңге.

Жыл басынан бері 01.06.2025ж. дейін мұрагерлік бойынша **28,96 млрд теңге**, ҚР-дан тыс жерге тұрақты тұруға кетуге байланысты **15,24 млрд теңге**, мүгедектігі бар адамдарға – **1,32 млрд теңге**, жерлеуге – **4,48 млрд теңге** көлемінде төлем жасалды. Сақтандыру ұйымдарына **123,29 млрд теңге** аударылды.

ЖЗШ саны

2025 жылдың 1 маусымындағы жағдай бойынша БЖЗҚ-дағы зейнетақы шоттарының жалпы саны – 17,59 млн. бірлік (12 айдағы өсім–1,45 млн бірлік немесе 9%). Бұл ретте салымшылардың (алушылардың) БЖЗҚ-дағы ЖЗШ саны 2025 жылдың 1 маусымына 12,56 млн бірлік болды. Оның ішінде: 11,17 млн- МЗЖ бойынша, 736,94 мыңы - МКЗЖ бойынша, 450,31 мыңы – ЕЗЖесептелетін шоттар.

Ал БЖЗҚ-дағы Қазақстан Респуб-ликасының заңнамасына сәйкес келіп түскен ЖМЗЖ туралы мәліметтер ескерілетін шартты зейнетақы шоттарының саны - **5,04 млн** бірлік.

Зейнетақы активтеріне қатысты барлықөзектіақпаратepif.kzсайтындағы «Статистика және аналитика» бөлімінде орналастырылған.

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР БАСҚАЛАРҒА ҚЫЗЫҚПАЙДЫ БАСҚАЛАР ҚЫЗЫЛОРДАҒА ҚЫЗЫҒАДЫ...



Балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық инновациялық орталығында заманауи талаптарға сай бой көтерген бұл кешен

бір мезетте 500 оқушы, тәулігіне 3 мың оқушыға дейін қабылдайды. Орталықта бас-сейн, топтық жаттығу бөлмесі, көркем гимнастика және

фитнес залдары, үстел ойындарына арналған кабинет, жекпе-жек және үстел теннисі залдары қарастырылған.

Ұлдар мен қыздарға арналған жеке-жеке киім ауыстыру бөлмелері бар. Көркемдік-эстетикалық бағытта кескіндеме, сурет салу, резин арт, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, КИП және автоматтандыру, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.



Қаланың СПМК-70 мөлтек ауданындағы 1500 орындық жаңа мектеп құрылысының бас мердігері "Integra Construction KZ" серіктестігі құрылыс-монтаж жұмыстарын

аяқтауға жақын. Ғимараттың қабырғалары толық қаланып, іші әрленуде, инженерлік жүйелері орнатылуда. Құрылысқа 11 инженер-техникалық қызметкер, 183 жұмысшы

және 6 техника жұмылдырылған.

Арай мөлтек ауданындағы 1500 орындық мектептің де құрылысы қарқын алған. Бас мердігер "Абу-Сер" серіктестігі ішкі әрлеу, есіктерезе орнату, жылу жүйелерін монтаждау және аулаға инженерлік желілерді тарту жұмыстарын атқаруда. Құрылыс басында 10 инженер, 185 жұмысшы еңбек етуде, 22 техника іске қосылған. Мектеп тамыз айында пайдалануға беріледі деп жоспарлануда.



«Қызылорда Саз М» ЖШС жаңа кірпіш зауытын орналастыру үшін өңірлік үйлестіру кеңесінің шешімімен 7 гектар жер телімі бөлінген. Бүгінде зауыт пен әкімшілік-тұрмыстық ғимараттың құрылысы аяқталып, қажетті жабдықтар толық орнатылған.

Осы кезде өндірістік жабдықтар іске қосылып,

зауыт техникалық режимде жұмысын бастады. Аумақты абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары да жүргізілуде. Жақын күндері ашылу рәсімі өтеді. Зауыттың басты ерекшелігі — өндіріс процесі толық автоматтандырылған. Экологиялық жағынан да тиімді, яғни басқа кірпіш зауыттарындағыдай көмірмен күйдірмейді. Жаңа технологиялар өндірістің тиімділігін арттырып, өнім сапасын жоғары деңгейде сақтауға мүмкіндік береді. Жылына 90 миллион кірпіш өндіруге есептелген кәсіпорын толық іске қосылғанда 70 адамды тұрақты жұмыспен қамтиды.

Қала күн сайын өзгеріп келеді. Әр алуан сәулет өнерімен айшықталған, әртүрлі стильмен жаңа дизайндағы құрылыстар көптеп салынуда. Мұның бәрі мүмкін еместей болып көрінгенімен, қазір қызылордалықтар басқа қалалықтарға таңданбайтын, тамсанбайтын болды. Әрі, бұрынғыдай қол босағанда серуендеп, тамашалайтын орындарды да аңсамайды. Бәрі, өзінде бар.



Сол жағалаудан жаңа стадион құрылысында шығыс және батыс трибуналардың металл конструкциялары орнатылып, қабырғалар, ішкі бөлмелер мен сыртқы витраждар қаланған. Қазіргі таңда футбол алаңын жабдықтау, ішкі әрлеу және аумақты абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.



Өткен жылдан бері Өнеркәсіп және құрылыс министрлігімен бірлесіп, өңірлерде шағын өнеркәсіптік аймақтар құру үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Быыл сол жағалаудағы «Тұмар» жеке кәсіпкерлігі мен «Техоснастка-Ремсервис» ЖШС-нің базасында шағын өнеркәсіптік аймақ іске қосылмақ. Жобаның жалпы құны — 1 млрд 52 млн теңге.

«Тұмар» ЖК құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, 1,9 мың шаршы метр нысан аумағын абаттандыруда. Қазіргі таңда 682 шаршы метр аумаққа 7 жоба орналастырылуда. Атап айтқанда, сүт өнімдерін

өндіретін шағын цех, кондитерлік өнімдер, нан-тоқаш бұйымдары мен жартылай фабрикалар өндіретін екі цех іске қосылады.

«Техоснастка-Ремсервис» серіктестігі де құрылыс жұмыстарын толық аяқтаған. Жалпы ауданы — 1,9 мың шаршы метр.

Шағын өнеркәсіптік парк — жалға алушы кәсіпорындардың өндірістік қызметін жүзеге асыруына барлық жағдай жасалған арнайы аймақ. Мұнда қажетті инфрақұрылым, инженерлік желілер, өндірістік, қойма және әкімшілік ғимараттар толық қарастырылған.

Қаладағы Өбілқайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейінгі жол құрылысының ұзындығы 2,9 шақырымды құрады. Бүгінгі күні 2,4 шақырым аумақта астыңғы қабатты тазалау және ашу жұмыстары аяқталып, 2 шақырым бөлікте тірек қабырғаларын құю жұмыстары жалғасуда. Жобаның мердігері — «Автомобиль жол басқармасы» ЖШС.



ҚЫЗЫЛОРДА - АЛҒАШҚЫ АСТАНА

Қызылорда қаласының Қазақ АКСР астанасы болғанына 100 жыл толуына орай Қызылорда қаласы әкімдігінің қолдауымен, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен байрақ көтерген облыстық «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы – Қызылордам» атты облыстық өнер байқауы Жаңақорған ауданының «Арайлы Ақмешітке - Қаратаудан қоңыр саз» атты концерттік бағдарламасымен басталды.

Шараға арнайы қатысқан Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Б.Нұридинов, қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Тажмаханов байқаудың мәні мен мазмұнына қысқаша тоқталып, Қаратау бөктерінен келген көркемөнерпаздарға сәттілік тіледі.

Қызылорда төрін думанға бөлейтін олыстық өнер тұрғауына КСРО мәдени-ағарту ісінің ұйдағы, мәдениет саласының ардагері, белгілі тележурналист Тілеген Бекарыстанов бастаған кәсіби мамандар қазылық жасайды.

Облыстық өнер байқауы аясында алыптарға алтын бесік болған Сырдария ауданы өнерпаздары мерекелік концерт қойып, қала халқы мен меймандарының көшеметіне бөленді.

Орталық алаңда өткен ауқымды іс-шарада тұрғындарға Мемлекет басшысының тапсырмасымен бастау алған «Адал адам» тұжырымдамасының 7 бағыты бойынша және рухани-мадени құндылықтардан көрме ұйымдастырылды. Іс-шараға Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Б.Омаров, халық қалаулылары, мәдениет саласының майталмандары арнайы қатысып, көрмелер мен концерттік бағдарламаны тамашалады.

Іс-шараның басталуында Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары Б.Омаров, Қазақстанның еңбек сіңір-

ген әртісі, сырдариялық Б.Алпысбаев, Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Д.Байдушев сөз сөйлеп, жиналғандарды Қызылорда қаласының астана болғанына 100 жыл толу мерейтойымен құттықтады.

Өнер байқауында ауданның мәдениет саласы майталмандары, Сәдуақасовтар халықтық отбасылық ансамблі, «Ұлағат» әкелер ансамблі, «Алтын қазына» ансамблі, «Ритм» вокалды-аспапты ансамблі, «Балауса» халықтық би ансамблдері, сондай-ақ ауданның талантты өнерпаздары мен бишілері әсем ән мен күмбірлі күйден шашу шашып, көрермен ықыласына бөленді.

Жалағаш өнерпаздарының кеш шымылдығы қолөнершілер көрмесімен ашылып, қала тұрғындары мен қонақтары қызығушылықпен тамашалады. Ал өнер сахнасында ауданның талантты эстрадалық халықтық вокалды-аспапты ансамблі мен «Әжелер» ансамблі сахна төрінде өнер көрсетіп, көрермен ықыласына бөленді.

Облыстық өнер байқауы аясында Шиелі ауданының өнер ұжымы Қызылорда қаласының орталық алаңында ерекше мерекелік бағдарлама ұсынды.

Мерекелік кеш шымылдығы Шиелі ауданының қолөнершілері дайындаған этно-шығармашылық көрмемен ашылды. Қала тұрғындары мен қонақтары ұлттық нақыштағы бұйымдарды, зергерлік және тұрмыстық қолөнер туындыларын қызығушылықпен тамашалады. Көрмеден Шиелі шеберлерінің қолтаңбасы мен бай мұрасын танытатын дүниелер көптеп орын алды. Бұл көрме ауданның мәдени өлеуетін, ұмыт бола бастаған ұлттық өнер мен дәстүрге деген құрметті тағы бір өнерте айқын көрсетті.



Қармақшы ауданының өнерпаздары қала жұртшылығына ерекше мерекелік тарту жасады.

Қаланың орталық алаңында өткен ауқымды мәдени шарада жыраулық өнердің алтын бесігі саналатын Қармақшы топырағының төл өнері мен тарихи-мәдени мұрасы кеңінен насихатталды. Аудан қолөнершілері ұлттық нақыштағы бұйымдарын көпшілік назарына ұсынып, дәстүр мен заманауи стильдің үйлесімін таба білген қолөнер туындылары көрмеге қойылды.

Шара шымылдығы Қармақшының жыраулық тарихынан сыр шертетін театрландырылған көрініспен ашылды. Қобыздың күңіренген үні мен жыршының төгілген жыры көрермендерді терең әсерге бөледі.

Сахна төрінде «Қорқыт» домбырашылар ансамблі, «Ақ Әжелер», «Айқарақөз» топтары, сондай-ақ ауданның жас өншілері мен бишілері өнер көрсетіп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Терме мен толғау,

ән мен күй арқылы ата-баба аманаты ұлықталып, Сыр еліне тән рух пен сырлы сарын көрініс тапты.

Кеш мазмұны тек сахналық қойылым мен дәстүрлі өнермен ғана шектелмей, Қармақшының жайдарманшылары да ұлттық болмысқа негізделген тапқыр әзілдерімен көрермен көңілін серпілті. Жастардың шынайы тапқырлығы мен сахна мәдениеті көпшілік тарапынан ерекше қошеметке ие болды.

Қармақшы ауданының өнер ұжымы Қызылорда қаласының ғасырлық торқалы тойына орай рухани тереңдікке, тарихи тағылым мен шынайы қуанышқа толы мазмұнды концерттік бағдарлама ұсынды. Жыр мен күлкі, күй мен көркем бейне тоғысқан бұл кеш қала тұрғындары мен қонақтарына ерекше рухани серпін сыйлады.

Қазалылық өнерпаздардың мерекелік өнер кешін аудан әкімінің орынбасары Дәурен Тлеумбетов сөз сөйлеп ашып, өнерпаздарға сәттілік тіледі.

Өнер байқауында ән әлемінің падишасы атанған Роза Бағланова, Мадина Ералиева мен Кеңес Дүйсекеев шыққан киелі өнер қонған өңірдің өнерпаздары қызылордалықтарға ерекше мерекелік кеш сыйлады.

Кеште орталық алаңда қазалылық қолөнершілердің арнайы көрмесі де ұйымдастырылып, онда Қазалыда жасалатын өнімдер де қойылды.

Биылғы 23 маусым мен 3 шілде аралығында Қызылорда аспанын ән мен жырға бөлеген «Тарихтың таңбасы, рухтың ордасы - Қызылордам» облыстық өнер байқауы өз мәресіне жетті.

Қорытынды шараға арнайы қатысқан облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейітов, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов және қала әкімінің орынбасары Бақытжан Омаров барлық қатысушы өнерпаздарға рахмет айтты.

Қызылорда қаласының ел астанасы болғанына 100 жыл толуы және биылғы «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай ұйымдастырылған байқауға 6 ауданның мәдениет ошақтары және Қызылорда қаласынан Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі қатысты.

Аймақтағы мәдениет нысандарының өріптегі байланысын нығайту және ел арасында танылмай жүрген таланттарды қолдау мақсатында ұйымдастырылған байқау нәтижесінде:

I-ші орынды Қармақшы және Сырдария ауданы

II-ші орынды Жалағаш және Шиелі ауданы

III-ші орынды Қызылжарма ауылдық мәдениет үйі, Жаңақорған және Қазалы ауданы өнерпаздары иеленді.

Жұлдігерлер мен жеңімпаздарға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ, жекелеген өнерпаздар арнайы номинациялармен марапатталды.